

ШЕКАРАШЫЛАР ТОСЫН ЖАҒДАЙҒА ДАЙЫН ЖҮРЕДІ



Гүлдана ЖҰМАДИН

– Өлемдегі пандемиялық ахуал барлық салаға өзгеріс енгізді. Бұл жағдай шекарашыларға қандай жаңа міндеттер жүктеді?

– Иә, пандемияның кері әсері ұзаққа созылғаны рас. Алайда еліміздің шекарасын, оның ішінде Сыр елінің шекара шебін қорғап жүрген шекарашылар өз қызметтерін тұрақты түрде жүргізіп, міндетін адал атқаруда. Шекарашылардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында күнделікті санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың қатаң сақталуына көңіл бөлініп, сақтық шаралары күшейтілді.

– Шекара қызметінің жауапкершілігі жоғары екенін білеміз. Бұл салаға сіз қалай көздіңіз?

– Мен шекара қызметіне 2006 жылы маразмді әскери қызметімізді өтеп келгеннен кейін келдім. Сол уақытта Қызылорда қаласында орналасқан ҚР ҰҚК Шекара қызметі «Отңүстік» өңірлік басқармасына қарасты 2019 әскери бөліміне әскери қызметке шақырылдым. Арда өткен он бес жылдан бері еліміздің бірнеше аумағында әртүрлі бағыттар бойынша әскери қызмет атқарып келемін.

– Өзіңіз айтқандай, қандай сала болсын кәсібилік талап етеді. Шекарашы болғысы келетін жастар үшін айтып өтіңізші, шекарашыға қандай талаптар қойылады?

– Шекарашы болу үшін әрбір азаматтың білімді мен жігері болу керек. 18 жасқа толған әрбір ҚР азаматы білімді әрі физикалық тұрғыдан мығым, төмгерді тәртіпке тейімді болғаны жөн.

– Қызмет барысында қауіпті жағдайлар да орын алуы мүмкін. Өз тәжірибеңізде кездескен тосын оқиғалар жайлы айтып беріңізші...

– Шекарашы болғаннан кейін қызмет барысында, контрабандалық деректердің жолын кездесу көптеген кінәні да, қызыты тосын жағдайлар болып тұрады. Шекарашылар әрқес өздерінің физикалық дайындықтарын жоғары деңгейде ұстаиды, үнемі қоян-қолтық ұрыс кезінде қаруды қолдану жаттығуларын жасап, біліктілігін шыңдап отырады. Сол себепті шекарашылар тосын жағдайға дайын жүреді.

– Жаңа дәуірді технология заманы деп атаймыз. Осы орайда шекарашылардың уақытты үнемдеуге көмектесетін қандай да бір техникалар қолданыса өнді ме?

– Шекара қызметінде заман талабына сай ауқымды реформа, қайта құру жұмыстары жүргізілді. Мемлекеттік шекараны мүлтіксіз күзету мақсатында кадрлық құрамды нығайту, заманауи арнайы техникалық құралдармен жабдықтау, шекара бөлімшелерінде жеке құрамның қойлайы тұрмыстық жағдайларын жасау мен жақсарту сияқты көшенді шаралар біртіндеп жүзеге асуда.

– Өңіміңізге рақмет!

STOP: COVID

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚ БАР?



Әлемдік пандемияның салдарынан еліміздің білім беру жүйесі өткен жылы қашықтан оқытуға көшкені белгілі. Әрине, бұл асдымен ұстаздарға, одан кейін білім алушыларға оңайға түскен жоқ. Вирустың әсерінен туындаған жедел шешім білім саласының оқыту технологиясына толыққандыдайын болмағанын жасыруға мүмкіндік бермеді, яғни заман талабына сай құрылыстар, ғаламтордың қолжетімділігі, компьютерлер сияқты барлық қажетті ресурстардың қамтылуы маңызды болды. Бастапқыда мұндай кемшіліктер мектепте айқын байқалды. Дегенмен пандемияның күшеюі ұстаздарды жаңа бағытта білім беруге жетеледі. Нәтижесінде білім басқармасының арнайы YouTube арнасында педагогтардың 500-ден аса телесабак топтамасы әзірленіп, қолжетімді ресурс қалыптасты. Ондағы оқыту мектептердің компьютерлік паркін жаңартуға да септігін тигізді. Осылайша компьютерлер паркін 100% жаңарту нәтижесінде бір оқушы санына шаққанда компьютерлер көрсеткіші 14-тен 5-ке

Ерасыл ШӨРІБЕК

ҚАУІПСІЗДІК – САПАНЫҢ БАСТЫ ӨЛІШІ

Санаулы күннен кейін жаңа оқу жылы басталады. Биыл оқушылар мен студенттер білім ордасынан тікелей деріс алуға ниетті. Бірақ дәстүрлі форматта оқуды бастайтын мектеп оқушылары мен мұғалімдердің қауіпсіздігі назардан тыс қалмайтыны анық. Айымақ қарасты барлық білім беру ұйымдары ашуд қосымшасына қосылса, педагогтар 97% вакцина салдырған. Оқу жылының басталуына дейін бұл көрсеткіш 100 пайызға жететін көрінеді.

Соны уақыттарда орын алған оқис оқиғалар балалардың қауіпсіздігі мәселесіне түпкілікті деңгейде мән берілуі қажеттігін айқындады. Халықаралық аккредитация жүйесімен қарасақ, қауіпсіздік – ең бірінші орында. Бұл ретте аймақтағы барлық мектептер жаңа оқу жылында бейнебақылау жүйесінің 100% қамтылды. Өткен жылы 70 мектеп жедел басқару орталығына қосылса, биыл 35 мектеп ұлттық бейнемониторинг жүйесінің тікелей бақылауына енесе, жаңа оқу жылынан бастап 42 қала мектебіне турникеттер орнатылып, мамандандырылған күзетпен және дабыл турникерімен қамтамасыз етілген.

ЖАЛАҚЫДА ЕСІМ БАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Болашаққа жол сілтейтін мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – өте маңызды міндет» деген бастамалы сөзі мұғалімдерге көрсетіліп келе жатқан құрметті еселей түсті. Осында бір жарым жыл бұрын «Білім туралы» заңның бір тармағы ғана болып келген «Педагог мәртебесі» деген ұғым мемлекеттік деңгейге көтеріліп, «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданып белгілі.

Қызылорда облысы COVID-19 инфекциясын жұқтыру дерегі бойынша әлі «Қызыл аймақта». Облыста 2020 жылдың наурыз айынан бүгінге дейін 14 957 жағдай тіркелген. Эпидемиологиялық ахуал өте күрделі. Ауру шілде айының 15-інен бастап күннен-күнге күшеюде. Күнделікті 100-дің үстінде тіркелсе, шілденің 29-ының жұлдызынан бастап 200-дің үстінде сырқат адам тіркелген. Бұндай жағдай былтырғы пандемияның кезінде болған емес дейді мамандар. Өткен жылы шілде айында оң жоғарғы тіркелген науқас саны 118 болыпты. Аталмыш инфекция қалада да, аудандарда да тіркелуде. Әсіресе облыс орталығында көбейген.

Гүлбану МАҚАЖАН

Осыған сәйкес, педагогтардың еңбек жағдайын жақсарту бойынша кезек-кезеңмен жаппай жоғарылауда. Биыл республикалық бюджеттен облыс ұстаздарының жалақысы 50% көтерілді.

ПЕДАГОГТАРДЫ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ ЖҮЙЕСІ ӨЗГЕРЕДІ

Мұғалім имиджін көтеру бағытында ашықтық жүйесінің педагог кадрларды даярлау ісінде тиімділігі байқалуда. Қыркүйек айынан бастап педагогтарды жұмысқа қабылдау жүйесі өзгереді. Осы кезге дейін мұғалімдерді жұмысқа қабылдау тәртібі мектеп директорлары құрастырды болса, енді тиісті критерийлерге сәйкес, біліктілік талаптары бойынша конкурс арқылы электронды форматта өткізіледі. «Бұл – педагогикаға кездейсоқ азаматтардың алынуына жол бермейді», – деп сендірді Ақира Қасымова.

Сонымен қатар биыл алғаш рет білім беру ұйымдарының директорларын ротациялау институты енгізіледі. Ротация (МИО) бірінші басшыларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес жүргізіледі. Непізгі міндет – білім беру ұйымы басшылары арасында бәсекелестікті қушыту.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ: ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА ЕРЕКШЕ ҚОЛДАУ

Ерекше оқуды қажет ететін балалар үшін инклюзивті білім беру – қажетті қадамның бірі. Облыста инклюзивті білім беруді дамыту мақсатында – 2020-2022 жылдарға арналған арнайы Жол картасы жасалып, 4 млрд теңге қаржы қаралған. Биыл 47 мектепке дейінгі мекемеде логопункт ашылып, логопед маманымен қамтылады. 2 мектепке дейінгі мекемеде аутизм

диагнозындағы балаларды инклюзивті қолдау кабинеті жабдықты, 47 логопед, 18 тьютер мамандары алынады. Сонымен қатар 27 мектепте инклюзивті қолдау кабинеттерін, 4 ресурстық орталық, 2 аутизм диагнозындағы балаларды қолдау кабинетін жабдықтау, 48,5 штат бірлікте арнайы маман, 56 дефектолог, 18 тьютер алу жоспар енгізілген.

СТУДЕНТТЕРҮШІН ЖАҢА ЖОБА

Биылдан бастап «Жас маман» жобасы қолға алынбақ. Жоба аясында 10 колледждің материалдық-техникалық базасы заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 2,7 млрд теңге қаржы бөлінбек. Жоба аясында материалдық-техникалық базасы жаңартып, 4 колледжде «Құрыртілік» орталығы ашылып, жұмысын бастады. Сонымен қатар жұмысын мамандардың еңбек тәжірибесін ұштауда WorldSkills байқауының жұмысы қушымек. Бүгінгі күні тапдау көрсеткіштерінде қарай колледждерге WorldSkills нәтижелерін жоғарылату қажет. Бұл ретте колледжді басшыларына талап жоғарылайды.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ КӨБЕЙДІ

Өткен оқу жылында пандемия жағдайына байланысты оқушылар онлайн форматта үйден білім алды. Бұл балалардың психологиясына әсер етпей қоймады анық. Осы жағдайға байланысты 8 арнайы психологиялық қолдау орталығы ашылды. Арнайы орталықтарда тек балаларға ғана емес, көмекке жүйенін ата-аналарға да қызмет көрсетіледі.

БАЛАЛАР АРАСЫНДА АУРУ ӨРШІП ТҮР



– Тіркелген жағдайларды жас ерекшеліктеріне қарай тапдағанда, жастар арасында орын алып отыр. Дегенмен биыл өткен жылмен салыстырғанда 14 жасқа дейінгі балалар арасынан, оның ішінде бір жасқа дейінгі балалар арасында КВИ шалдыққан балалар саны көбеюде және клиникалық белгілерімен де анықталуда. Бұл ерекшеліктер мутацияланған «Дельта» штаммының жұғуы жоғары және жылдам екенін тәжірибеде көрсетіп отыр. Сондай-ақ, жұмыссыздар, зейнеткерлер, балалар мен оқушылар саны көбейсе, медицина қызметкерлері мен тағы басқа қызметтегілер саны азайған. Яғни уқымдық иммунитет қалыптастыру мақсатында ұйымдасқан КВИ қарсы егу шаралары өз нәтижесін көрсетуде. Сондықтан қауіпті топтағы тұрғындарды екпемен қамтуды жеделдету керек, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова.

Аймақта вирус таралуын тежеу үшін көп жайттарға тыйым салынған. Қойылған шектеу шараларының орындалуын 167 мониторингтік топ бақылауда. Олар 13 102 нысанға рейдтік тексерулер жүргізген. Талап бұзған 235 жағдай тіркелген. Заң бұзушылықтар бойынша 629 әкімшілік хаттамға тоқтырылып, 41 342 104 теңге айыппұл салынған. Ашуды жүйесіне енген 2086 қоғамдық орының 12-сі шектеу талаптарын бұзған. Бұл мәліметтер вирустың қауіптілігіне әлі де нөмқұрайлы қарап отырғанымызды білдіреді. «Ауруды жаратқан Құдай, бірақ ауыртқан Құдай емес» депті Абай. Сақтық жасамасақ, қауіп балаларға төнгелі тұр.



Қызылорда облысының әкімі
Гүлшара Әбдіқалықова
Түркияда өткен халықаралық білім байқауының жүлдегері Ерасыл Сапарбековпен кездесті. Талантты жас география пәнінен онлайн форматтағы халықаралық олимпиаданың қола жүлдегері атанып, Сыр елінің абыройын асырды.

ЕРАСЫЛ – ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР

Кездесуде аймақ басшысы Сыр елі үшін тамыз айының жемісті болғанын, Токио олимпиадасынан қола жүлде әкелген жерлесіміз Қамшыбек Қоңбабаевтан кейін Ерасылдың олжалы оралғанын атап өтті. Бұл Сыр елінің ғана емес, ел меремін асырған ерекше сәт деп жас ермене ақжолтай тілегін арнады.

«Ең алдымен өзіндік онлайн форматта өткен Түркия жеріндегі жарқын жеңісімен құттықтаймын. Өлем елдерінің 160-тан астам дарынды жастары қатысқан білім додасында жүзден жүйрік, мыңнан

тұлпар шығып, қола медаль иелену, шын мәнінде, үлкен жетістік. Бұл сенім тәлім жылдардан бергі тәлімді іздестіріліп, нәтижесі, ата-ана мен ұстаздарының ортақ жемісі. Бұл жүлдені біз үшін алтынмен тең. Білім көпінде жүлдеуші білектен жарқырай берсін деген тілегімді білдіремін», – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Жүлдеусі аймақ басшысы Ерасыл Сапарбековке аймақ абыройын асырып, білім додасында алға шыққаны үшін арнайы естелік сыйлықты табыс етті. Өз кезегінде жас ермен сенім білдіріп, қолдау

көрсеткен Сыр жұртшылығына алғысын айтып, білім сынында бұдан да жақсы жетістіктерге жетіп, биік шыңды бағындыратынына уәде берді.

Айта кетейік, Ерасыл Сапарбеков – №9 Білім-инновация лицейінің 10 сынып оқушысы. Осы кезеге дейін халықаралық Әл-Фараби атындағы география пәнінен өткен онлайн олимпиаданың алтын медаль иегері, облыстық, қалалық пәндік олимпиада жеңімпазы.

ДЕПУТАТПЕН КЕЗДЕСТІ



Қызылорда қаласының белсенді жастары ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мәди Абылайұлымен кездесті. Кездесу «Qosy!» жастар орталығында байырсым форматта өтті. Еркін кездесуде өңірдегі мемлекеттік жастар саясатына қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Жастар Парламент тарихындағы ең жас мәжілісменге сауал қойды.

– Мәди Абылайұлының қалада екенін естіп, жастармен кездесуді жоспарладық. Мәжіліс депутатымен кездесу бағыты бұйыра бермейді ғой. Ол кісі де ұсынысқа қабылдады. Өзі орталыққа келіп, еркін пікір алмасты. Қандай сауалға болсын тұшымды жауап алдық. Бір қызығы, жастармен кездесуден бас тартпады. Карантин талаптарын сақтай отырып, жастармен бірге жұмыс істейтін мамандарды қостық, – деді «Qosy!» жастар орталығының директоры Сабыржан Кеншілік.

ДӘРІГЕР ЕРЛІГІ



Сондай-ақ брифингте дәрігер емхананың жұмыс кестесіне тоқталып, екі егу барысын баяндады. «Бізде филтър кабинеті таңғы сағат 08:00-ден 18:00-ге дейін үзіліссіз жұмыс жасайды. Ол жерде коронавирус инфекциясына күлді бар барлық науқастар мен COVID-19 анықталған науқастар байланыста болған

Індетпен күресте әрбір медицина қызметкері белсенді қызмет атқаруда. Мәселен, №3 қалалық емхана мамандарынан жасақталған 6 мобильді топ коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастарды көрсеткішіне қарай провизорлық және карантиндік стационарларға тасымалдау және үй жағдайында амбулаторлы ем тағайындауды жүйелі жүргізуде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында №3 қалалық емхананың инфекционист дәрігері Лаура Мүсірепова мәлімдеді.

адамдарды қарап тексеріп, ПЦР сынамалары алынып, ем-шаралар тағайындалады. Орта медицина қызметкерлері перуи ошағындағы адамдардан 3 және 12 күндік ПЦР сынамаларын үй жағдайында алып, лабораториялық зертханаларға жеткізіледі. Емханада екі егу жұмыстары таңғы сағат 08:00-ден 22:00-ге дейін жүргізілуде. Жеке қорғаныш

құралдары қоры жеткілікті мөлшерде жасақталған. Сын-сағатта медицина мамандары өз өмірлерін қатерге тіге жүріп қызмет етуде. Бұл ретте емханада күлді дәртінен бетіне бет келген дәрігерлердің ерлікке нара-пар еңбегіне қолдау білдіріп, ер адам бүгінгі сақтық шараларына бейжай қарамауға тиіс», – деді Лаура Құрманбекқызы.

ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ БАСТАЛАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу өтеді. Биылғы іріктеу кезеңі республика бойынша 1 қыркүйекте басталады. Мемлекеттік сектор үшін 50 қызметкер іріктеліп алынады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Рафхат Бисенов мәлімдеді.



Биылғы іріктеудің алдыңғыдан айырмашылығы, рекрутинг процесі талап етілетін білімді, дағдыларды анықтауға ғана емес, сонымен қатар кандидаттардың шынайы мотивтері мен олардың құндылық бағдарларын бағалауға бағытталған. Көптеген кезеңдер онлайн режимде өтеді. Мақсат – қоғамдық мүдделерді басшылыққа алатын жас таланттарды анықтау және мемлекеттік қызметке тарту. Құжаттарды қабылдау ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап арнайы әзірленген pkrzerv.gov.kz цифрлық платформада онлайн режимде жүргізіледі деп жоспарлануда.

«Президенттің 2021 жылғы 18 мамырдағы №580 Жарлығымен белгіленген талаптарға сәйкес іріктеуге 35 жастан аспаған, жоғары білімі және кемінде 5 жыл жұмыс етіп бар, сондай-ақ мемлекеттік тілді орташа деңгейден төмен емес деңгейде білетін Қазақстан Республикасының кез келген азаматы қатыса алады. Резервте болу мерзімі 3 жылды құрайды. Резервшіні бос мемлекеттік лауазымға тағайындау құзыреттер жиынтығы ескеріле отырып және Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссияның ұсынысы бойынша конкурстан тыс тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте резервке қабылдау мемлекеттік лауазымға тағайындауға кепілдік бермейді», – деді департамент басшысы.

Сонымен қатар брифингте ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен қолға алынған «Үздік ауыл өкілі» республикалық конкурсы туралы да айтылды. Конкурста 8 ауылдық округ әкімі құжат тапсырып, 4 кандидат өңірлік комиссиямен әңгімелесу кезеңіне жіберілген. Нәтижесінде Жалағаш ауданы, Ақсу ауылдық округінің әкімі Қанат Ниетқұлов «Үздік ауыл өкілі» болып, қыркүйек айында өтетін республикада жолдамға алады.

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ

Әлеуметтік ая қамтылған отбасынан шыққан жастарға әртүрлі бағытта ақысыз негізде оқу курстарын ұйымдастыру және Сыр жастарын тілдерді жетік меңгеруге бейімдеу мен білім сапасын жақсарту мақсатында облыстық жастар ресурстық орталығы және «SpeakUp» оқу орталығы тегін оқу курсын екінші кезеңін бастады. Курстың екінші кезеңіне алғашқы топтағы білім алушылар қатысып, дәріс алды. Жалпы курстың екінші кезеңінде 25 бала қамтылған. Олар алдағы уақытта 2 топқа бөлініп, сабақ алмақ. Оқытушы Ғұлшат Тастағанованың сөзінше, курста қатысушы балалардың алғашқы сабақтағы ынтысы мен қызығушылығы жоғары.

ТІЛСІЗ ЖАУ

Ғаламдық жылыну, өлемдік ауа температурасының көтеріліп жатқаны жыл өткен сайын айқын сезіледі. Әсіресе биылғы жаз метеостанциялардың ауа райын тіркеуді бастаған сәттен санағанда ең ыстық жаз болды. Соның салдарынан бүкіл өлемде құрғақшылық пен орман өрттері көңінен орын алды.

Түркиядағы алапат өрт өсерінен бірнеше адам қаза тауып, көптеген отбасы баспансыз қалды. Экономикаға орасан зиянын келтірді. Ресейдің Якутия аймағындағы өлі күнге дейін бой бермей жатқан өрт 3,5 млн гектар жерді күлге айналдырды. Елімізде де биыл қатты құрғақшылық орын алуда. Дала шөптері жаздың басында-ақ күйіп, сарғайып кетті. Сол себепті өрт болу қаупі өте жоғары деңгейде. Көуіл, тұтануға дайын тұрған өсімдіктер кішіне, оттың өзінен басталып, желдің өсерінен күшейіп, бой бермес алапат өрте айналып келеді. Сондықтан табиғат аясында тынықшылық, жалпы барша азаматтарды өрт қаупіне қатып қалған сақтауға, бұл мәселеге зор жауапкершілікпен қарауға шақырамыз.

Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі

АУЫЛМА КІТАП

Қазақстандағы отбасы күні қарсаңында «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институтының Отбасы институтын зерттеу орталығы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-пен бірлесіп CISC TE-GAL (Official) «Ауылма кітап» республикалық қайырымдылық акциясын бастады.



Мақсат – ауыл мектептерінің кітапхана қорын толықтырып, оқу мәдениетін дамыту арқылы өскелең ұрпақты, атап айтқанда, шағалай елді мекендердегі ұрпақтың жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік бағдарын қалыптастыру. Кітап жинау және ауылдық кітапханаларға жеткізу шарасы 2021 жылдың 16 тамызы мен 20 қыркүйек аралығында өтеді және Қазақстаның барлық аймағын қамтиды.

Акцияның негізгі қатысушылары – ҚР Орталық атқарушы органдары атынан 18 министрлік және 14

облыстың әкімдігі. Ақция шеңберінде 18 министрліктер оқу облыстық әкімдігіне одан әрі кітапхана қоры жеткізгісі ауыл мектептеріне бөлу мақсатында шамамен 200-300 жаңа кітап ұсынады. Жергілікті жерлерде ақияны іске асыру үшін әкімдіктермен бірге «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңселері жұмылдырылады. Кітаптар қазіргі балалар мен жастар әдебиеті жанында, қағаз және электрондық тасымалдағыштарда, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Бетті дайындаған: Мәлімді САБЫРЖАН

«ШАҢЫРАҚ» БАЙҚАУЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНЫДЫ

Достық үйінде Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен этножурналистика саласындағы облыстық «Шаңырақ» шығармашылық байқауының жеңімпаздары марапатталды.



Бұл жолғы байқаудың мақсаты – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай елдегі татулық пен бірлік беріктігін насихаттау, этносаралық қатынастар тамырлыбын жазып, көрсететін журналистерді ынталандыру арқылы елдегі қоғамдық келісімді нығайту.

Биылғы жылдың 1 наурызынан бастап байқауға бірнеше өтінімдер келіп түскен. Республикалық, облыстық, қалалық, аудандық телеарна мен баспасөзден 17 өтінім қаралған.

Нәтижесінде, қазылар алқасының шешімі бойынша «Үздік репортаж» номинациясы бойынша облыстық «Қызылорда» телеарнасының тілшісі Гүлфайруз Пірмағанбет, «Танымдық

мақала» номинациясы Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің тілшісі Балтабай Ордабеков, «Үздік мақала» номинациясы облыстық «Қызылорда» газетінің меншікті тілшісі Мақсұт Ибрашев, «Өзекті мақала» номинациясы қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Еркін Шамшидин, «Ең үздік телевизиялық репортаж» номинациясымен республикалық «Хабар» телеарнасының облыстығы меншікті тілшісі Нұрлан Жақыпбеков, «Ең үздік мақала» номинациясымен облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Ержан Қожас марапатталды.



ҚОР ҚОЛДАУ ЕТТІ, ЖИҒАНЫҢ НЕГЕ ЖЕТТІ?

2020 жыл қазақстандықтар үшін ауыр жыл болды. Коронавирус инфекциясымен халық жаппай ауырды. Қаншама адам бақилық болды. Алғаш рет карантиндік шектеулер енгізіліп, болк посттар қойылды. Пандемияның салдары халықтың тұрмысына да әсер етті. Осы тұста Мемлекет басшысы зейнетақы қорынан қаржы алуға рұқсат ететін заңға қол қойды. Қаражат тұрғын үй алуға немесе емделу мақсатында беріле бастады. Бұл жаңалық өнген бойда, тұрғындар өз жинағы туралы мәліметті алды. Бірі электронды үкімет порталы арқылы, енді бірі мобильді қосымша арқылы анықтаса, қор филиалында да кісі қарасы қалыңдады. Бәрінің мақсаты бір, аталған қаржыға қол жеткізу. Ең бастысы, шотта шекті сома қалуы шарт. Шекті сома әр жастағы адам үшін әртүрлі. Бірі бұл мүмкіндікке қуанса, енді бірі шекті соманың тым жоғары екенін айтып ренжіді.

«2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңда ең төменгі жалақы – 42 500 теңге, ең төменгі зейнетақы – 38 636 теңге, мемлекеттің базалық зейнетақысы – 16 839 теңге, ең төменгі күнкөріс деңгейі – 31 183 теңге деп көрсетілген. Орташа айлық жалақы – 168 500 теңге. Бұл көрсеткішпен қарапайым халықтың шекті соманы жинай алуы өкпелі. Қордан артылған соманы қанша салымшы алды? Қандай мақсатқа жұмсады? Бұл туралы аймақтағы қор филиалының басшысы, 16 мыңнан аса өтініш түскенін айтып.



Арнұр Құрманғали, Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қорының Қызылорда облыстық филиал директоры

– Қорда салымшылардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту мен емделулері үшін зейнетақы жинақтарын пайдалану туралы 16 166 өтініш қаралды. Тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін облыс бойынша БЖЗҚ шамамен 10 816 өтінішті орындай отырып, 34 млн 611 мың теңгені салымшылардың арнайы шотына аударды. Орындауға өтініштердің басым бөлігі «Отбасы банкі» АҚ арқылы берілген. Естеріңізге сала кетейік, «Отбасы банкі» АҚ үкілетті операторында ашылған арнайы шотқа бір жолғы зейнетақы төлемі түскеннен кейін, алушы үкілетті операторға бір жолғы зейнетақының тағайындалған мақсатын растайтын құжаттарды төлем түскен күнен бастап 45 жұмыс күні ішінде ұсынады. Белгіленген мерзімде үкілетті операторға растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, бұл қаражат БЖЗҚ-ға қайтарылады. Сонымен қатар зейнетақы жинақтарын пайдалану кезінде азаматтар үкілетті операторлар арқылы жылжымайтын мүлікті тіркеу кезінде өтінішке көрсетілген мақсатты өзгертуге құқылы.

– Ол мынанан аса қызылордалық қордағы қаржысын тұрғын үй мәселесін оңтайландыруға ариған.

Жасулан СЕРІКОВ, қала тұрғыны:

– Қорға бұған дейін жинаған қаржымнан тек 400 мың теңге ғана артылды. Отбасымның ипотекасына аудардым. Бұған дейін ай сайын 73 мың теңге төлейтінмін. Осы қаржыны аударған соң ай сайынғы төлем азайып, бізге жеңілдік болды. 2 миллионнан аса қаржысын алып, бірден баспанға қол жеткізген достарым да бар. Біздің аймақта да баспана мәселесі ең өзекті тақырып. Президенттің қордан ақша алуға мүмкіндік бергені жақсы болды. Көптеген отбасы



Жасулан СЕРІКОВ

шағатын көрді. Бір жағынан, жалақысы жақсы әрі бірнеше жерде жұмыс істеп қарману керепін де түсіндік.

Айжан АЙТМАҒАНБЕТОВА, қала тұрғыны:

– Менің жасым 32-де. Өкінішті, мен шекті соманың жартысын да жинамағанмын. Еліміздегі айлықтың төмен екені біліпін қалды. Ірі компанияларда жұмыс істейтін адамдар ғой қаражат алды.



Мұнай саласында істейтіндер 20 миллионға дейін қаржысын белгілі бір мақсатқа аударды. Меніңше, қаржылық қолдауға мұтаж, әлеуметтік жағдайы орта және төмен топтарды ескермеген. Бұл жағдайы бір ізге түскен, ипотекасы бар адамдарға қолдау болды. Ал ипотекаға алғашқы жарна пұлын жинай алмай жүргендер қорында 2 миллион қаржы болса да жартысын ала алмайды. Шекті соманы шегелеп қойған. Бір жақты ғана қараған.

Самат БОДЫҚОВ, Шіелі ауданы:

– Бұл жаңалықты естігенде мен қатты қуандым. Қаржылық қолдау болар деп, дереу өзімнің жинақтарымды тексердім. Қаладан баспана алуға септігі тиер деген үміт болды. Өкінішке қарай, 17 жасынан бастап жұмыс істесем де, жинаған сома 2 миллионнан аспаған. Ал кестеде 3 миллионнан асуы қажет деп көрсетілген. Жалақысы жоғары мекемеде істеді керек екен. Ауылдан бідімің оңанда жұмысқа ала қойды. «Бермесіңді қызартпа»



Самат БОДЫҚОВ

деген, бұл жолы да тұрмыстық жағдайы жақсы отбасылар қуанып қалған шығар.

Қаржысын емделу мақсаттары үшін 1 191 адамның жазған өтініші орындалған. Тісін емдеткен қала тұрғыны Қыздарғұл Әбдібеқызы, көптен бері сәті түспей жүрген бір іс бітті деп отыр.



Қыздарғұл СУГРБАЕВА

Қыздарғұл СУГРБАЕВА,

– Бес баламен 53 жасымда зейнетке шықтым. Қазір 58 жастамын. Осы кезге дейін үздіксіз жұмыс істеп келемін. Жиналған қаржыдан 500 мың теңге қаржы ауысты. Емделуге жұмсайын деп шештім. «Тіс саулығы – ұлт саулығы» деген, тістерім көптен бері мазалап жүрген. Бәрін бір уақытта емдетудің сәті түспеген еді. Қаламызда отыз жылға жуық еңбек етіп жатқан «Шарапат Стом» тіс емханасын таңдадым. Білікті дәрігерлер жұмыс істейді екен. Қазір тістерімнің өшпін алды, емдел жаттым. Жаңа тіс орнатып берді. Өзіміздің адал еңбегімізбен жиналған қаржы ғой, игілігін көрдік.

Сонымен қатар қордағы қаржысын «Jusan Invest» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Сентрас Секьюритиз» АҚ мекемелеріне инвестициялық мақсатта аударған салымшылар да бар. 22 тамыздағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының барлық тісін бір уақытта емделуге ауқымды ақшасы болмайды. Тістің емі де арзан тұрмайды. Ал инвестиция ретінде ақшасын үшінші ұлымға тапсыруы да жақсы мүмкіндік. Кейін салған



Ильяс МҰХАТАЙҰЛЫ

Ильяс МҰХАТАЙҰЛЫ, «Отбасы банкі» АҚ-ның Қызылорда филиалы директорының орынбасары:

– Облыс бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге ақы төлеу мақсатында зейнетақы қорынан төлемдерін алу бойынша 21 032 млн теңгеге 5 411 өтініш қанағаттандырылды. Жұмсалы мақсатына қарай, 84 пайыз баспана алуға арналған. Яғни 3 909 азамат жылжымайтын мүлік сатып алды. Қалған 14 пайызы ипотекалық несиемен жауып, емделуге жаратты. Бұл жұмыстар әлі жалғасуда. Алдымызға келген әрбір клиентпен жеке жұмыс істеп, қаржысының игілігін көрі үшін қызмет көрсеттік. Қор қаржысын мақсатты пайдалану тұрғындарға оң ықпал етті. Тұрмыстық мәселелері шешімін тапты.

«Қазақстан үкіметі жасаған бұл мүмкіндік жаңа нәрсе емес. Дамған жақсы кейбір дамушы елдерде зейнетақы қорынан ақшасын алу мүмкіндігі қарастырылған. Қорда ақша қалғаны дұрыс, мемлекет маған өз қалтасынан зейнетақы төлемейді. Салымшының жинақ мөлшерін алғаны да мемлекетке пайдасы болмаса, зияны жоқ» деп пікір қосты экономист Асылхан Андашов.

Әсел ЖАРАСҚАЛИҚЫЗЫ, қаржыгер:

– Зейнетақы қорынан ақшаны алу қазақстандықтарға үлкен мүмкіндік болды. Баспанасыз жүзден алғашқы жарна төлеп үй алу, ипотекаға төлем жасап, ай сайынғы төлемі, бәлемі берілетін пайызға азайды. Нарықта тіс емін қолдану тиімді болды. Көптеген ағашшылардың барлық тісін бір уақытта емделуге ауқымды ақшасы болмайды. Тістің емі де арзан тұрмайды. Ал инвестиция ретінде ақшасын үшінші ұлымға тапсыруы да жақсы мүмкіндік. Кейін салған



Әсел ЖАРАСҚАЛИҚЫЗЫ

Асылхан АНДАШОВ, Graduate School of Business UIB (GSB UIB) бизнес мектебінің жоба меңгерушісі, экономист:



Асылхан АНДАШОВ

– Егер мен 5 млн жинаған болсам, оның барлығын шешіп ала алмаймын. Өйткені мен осы шешіп алсам, зейнетке шыққанда жинағымдағы ақшаның көлемі маған ай сайын зейнетақы төлеуге үзек мерзімді жетпейтін мүмкін. Демек, мен жинағымның барлығын шешіп алсам, қартайғанда зейнетақы ала алмай қалуым мүмкін. Ал мемлекет өз қалтасынан маған зейнетақы төлемейді. Сондықтан мемлекет салымшылар қартайғанда зейнетақы алу мүмкіндігі болуы үшін шектеу қойды. Өз салымдарынан үйге немесе денсаулық үшін ақшасын жұмсағаны бизнес үшін жақсы. Сіз жинағымдан 2-3 млн теңге шешіп, оны жылжымайтын мүлік немесе медицина саласына жұмсайтын болсаңыз, одан қырылғы саласы мен медицина саласында кәсіпкерлер пайда көреді, сол салаларға қосымша сұраныс туындатасыз. Мемлекет одан салық жинау арқылы пайда көреді. Сондықтан біз қаншалықты көп ақша жұмсасақ, соншалықты бизнес

пен мемлекетке жақсы. Қазір 1 трлн теңгеден астам ақша шешіп алынды, енді қырылғы және медицина, инвестиция сияқты салаларға кетеді сол ақша. Ол экономиканы ынталандырады.



Сыргұл МОЛДЫБАЙИМОВА

Сыргұл МОЛДЫБАЙИМОВА, қала тұрғыны:

– Біздің елде халық игілігі үшін әжептеуір реформалар шығып жатады. Бірақ сол реформалардың халыққа тиімділігі, ертеңгі күні салмағы болмайтындай сараланып, зерттеліп жатпайды. Мысалы, осы қордың бір бөлігі халыққа берілгенмен баспана бағасы шарықтап кетті. Одан халық зардап шегіп, онсызда үйге қол жетпей қартайғандарға баспана ауылы тағы алыстады. Қордың ақшасын бергені бар болсын, үйге аударылғанын ақшаның салыптын клиент өзі төлейтіні тағы бар.

Қазақстан үкіметі Сингапур тәжірибесіне сүйеніп отыр. Сингапурде жинағыңыздың бөлігін үй алуға, денсаулық мәселесін шешуге жұмсауға болады. Малайзияда да осы мақсаттарда ақшаныңды ала аласыз. Ал Дания, Жаңа Зеландия сияқты елдерде үй, денсаулықпен қоса қатты қаржылық қын жағдайға түскенде шешіп алуға мүмкіндік берілген. Чили елінде кез-келген жинағы бар адамның дағдарыс кезінде 10% жинағын алуға мүмкіндігі бар.

Р.С. «Халық деген бейшара ғой, сойыл соғысқанда бірге соғысады, үлеске келгеніңе құм асады» депті жиырмамыншы ғасырда жазушы Мұхтар Бүгезов. Ал елдің мұны жомалаған атын Абай Құнанбайұлы: «Жұрт – жас бала, жылатып тартып алма... деген екен. Халыққа көрдеу білілдір қарайласа қуанасың, тек тірліктеп талпан-тапқаннан тартып алмаса болды да».

Гүлбан МАҚАЖАН

ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӨРДЕМАҚЫҒА КАТЫСТЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ



– Бюджет тапшылығы 2022 жылы жалпы ішкі өнімнің 3,3 пайызынан кезек-кезеңмен 2024 жылы жалпы ішкі өнімнің 2,5 пайызына дейін төмендейді деген жоспар бар. Ал шығыс 2022 жылы 577 миллиард теңгеге ұрлан отырып, 15,9 триллионды құрайды, – деді министр Ерлан Жамаубаев.

Министр әлеуметтік салаға бөлінетін бюджет қаржысы сол күйінде сақталатынын атап етті. Оның көлемі барлық шығыстың 50 пайызын құрайды.

Үкімет «2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасын мақұлдады. Қаржы министрі Ерлан Жамаубаевтың айтуынша, заң жобасы халықтың әл-ауқатын жақсартуға және экономиканы қалпына келтіруге көздейді. Қазіргі болжам бойынша келесі жылы бюджетте түсетін қаржы 431 миллиард теңгеге ұлғаяды. Осылайша жалпы көлемі 13 триллионға жетеді. Соның ішінде мұнайдан басқа салалардан алынатын түсімдерді барынша артыру жоспарланған. Ал мұнайдан түсетін ақшаны Ұлттық қорға көбірек салу қажет. Сондықтан қордан алынатын қаражаттың көлемі біртіндеп азаяды.

– 2021 жылдың бюджетіне қарағанда әлеуметтік шығыстар 515 миллиард теңгеге өсе отырып, 8 триллион теңге көлемінде жоспарланды. Шығыстың өсуі жыл сайынғы индекске, зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың көбеюіне, сондай-ақ мұғалімдер мен дәрігерлер жалақысының көтерілуіне байланысты болып отыр, – деді министр Е. Жамаубаев.

Министрлер кабинеті заң жобасын бірауыздан мақұлдады. Енді құжат Парламент Мәжілісінің қаруына жіберіледі.

Алдағы үш жылда ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық еңбек ақысы орта есеппен 30 пайызға өседі.

– Осы мақсатқа 100 миллиард теңгеден астам қаржы қарастырылған. Ұлттық ұлан сарбаздарының айлық жалақысы біртіндеп өсіп келеді. 2021-2023 жылдары офицерлердің жалақысы 70 процентке, келісімшарт бойынша қызмет ететін әскерилердің еңбек ақысы 60 процентке жуық артады, – деді Президент «Қайсар-2021» оқу-жаттығуында.

2024 жылдың соңына дейін арнайы күштерде қызмет ететіндер мен келісімшарт бойынша қызмет атқарып жүргендердің бәрі офицер шенін алады. Президент тұрғын үйге қомақты қаражат жұмсалып жатқанын атап өтті. Қазіргі кезде 24 мың полиция қызметкері мен 13,5 мыңнан астам әскери қызметші тұрғын үй төлемдері беріліп тұрады. Қоғамдағы ертіп пен қауіпсіздікті қүзететін қызметкерлерге жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсету біздің мемлекетіміздің басымдықтарының бірі болып қала беруді, – деді Қ. Тоқаев.



«АЛТЫН БЕЛГІ» ҮМІТКЕРІНЕ ҚҰЛАҚҚАҒЫС



Атақ-даңқ десе, жан беруге дайын халық екенімізді тағы бір дәлелдедік. Жуырда әзілкештің басынан өткен оқиға қоғамның көлеңсіз бір тұсын ашып бергендей болды. Жалпы елімізде «Алтын белгі» төсбелгісін алу оқушыға жоғары оқу орнына түсуде ешқандай артықшылық бермейді. Тек мектеп бітерер тұста абырой арттырады. Бір қызығы, осы атаққа құмартқысы келетіндер саны жал санап артауда. Яғни жастардың қызығушылығы жоғары. Мәселен, 2018 жылға дейін орта есеппен 2 мың ғана мектеп оқушысы төсбелгіні иеленген. Ал 2018 жылдан бері жыл өткен сайын медаль алушылар көбейіп келеді. 2019 жылы – 7349, 2020 жылы – 8615 оқушы, 2021 жылы – 9738 оқушы «Алтын белгі» алған. Бұл көрсеткіш елдегі білім сапасының артқанын білдірмейді. Сөйбей, соңғы кезде төсбелгіге үміткерлердің ҰБТ-да жеткілікті 60 балл жинай алмай жүргенін көз көріп жүр. Осындайда 11 жыл мектепті 5-ке оқыған бала қалайша 140 балдың 60-ын ала алмайды деген ой туады?! Бірақ бұл бөлек әңгіме.

— Саннан сапаға басымдық беретін уақытта төс белгінің кәдімгі дәрежесі бар еді. «Алтын белгі» кез келген оқушы ала бермейтін. ҰБТ шкаласына сай, талай оқушы осы белгіге 1 балл жетпей, медаль ала алмайтын еді. Бәсеке деп осыны айт. Ал 2018 жылдан бастап медальді тек мектепте беретін болды. Әр мектеп өзінің атағын асыру үшін төс белгінің қадірін қашырды. Бұрын медаль алғандар грант аларда басымдыққа ие болатын. Қазір ондай емес. Тек атаққұмарлардың ойыншығына айналған іспеттес, — дейді ардагер ұстаз Оразгүл Обсадыққызы.

— Атаққа құмартушылардың әсерінен бюджет шығынға батуда. Мысалы, бір медальдің құны – 9738 теңге яғни 10 мың теңге. Жыл сайын медальға бюджеттен 97 млн теңгеден астам қаржы бөлінеді. Мұның кімге қажеті бар? Бастысы, жоғары оқу орнындағыдай қызыл аттестат беріле берсе болды емес пе? Олемнің дамыған елдерінің көпшілігінде жоғары оқу орнына түсу үшін аттестаттағы баға маңызды емес. Мысалы, АҚШ, Ұлыбритания, Германия сынды мемлекеттерде жоғары оқу орнына түсу үшін арнайы сынақ тапсыру міндеттелген. Америкада мектепте үздік оқу және емтиханнан жоғары балл алу үздік университетке оқуға түсуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан озық үлгідегі оқу орнына түсуді қалайтын талапкерлердің үздік аттестатынан бөлек белгілі бір салада өзіндік қабілет-қарымы болуы қажет. Германияда да аттестаттағы баға ешқандай рөл атқармайды. Мұнда мектепті алтын медальға бітірген түлектердің Studienkolleg – жоғары оқу орнына дайындық бөліміне түсуге мүмкіндігі бар, — дейді экономист сарапшы Тимур Әбуов.

Бақығаныңыздай, шетелдік көпшілікте «Алтын белгі» деген түсінік жоқ. Керісінсес Ресей де 2010 жылы алтын белгі иегерлерін жоғары оқу орнына түсу жөніндегінен айырды. Тіпті 2013 жылы Ресейдің Білім министрлігі үздік мектеп бітірушілерге медаль беруді де тоқтатақ болған. Оның орнына түсі өзгешік аттестат беру туралы құжатқа да қол қойған. Дәл осы жағдай қоғамда үлкен дүрбелең туғызды. Бұрын жоғары оқу орнына түсуге үшін қойылатын алтын медальдың артықшылығы болмағанымен, ол уақытта медаль түлектердің, ата-аналардың мақтанышы, мектептен естелік болып қалды. Біліктіктері қарапайым жұртты бұл қуаныштан да айырығысы келді. Бірақ араға бір жыл салып депутаттар қауымы оқушыларды ынталандыратын медальдан айырудың дұрыс емесін ескертіп, үздік түлектерге медаль беру дәстүрі қайта оранды. Осы жылы «Алтын медаль» иегерлеріне мемлекеттік бірінші емтихан кезінде 10 балл қосып беру туралы бастама көтерді. Өрине бірнеше жыл бұрын жеңілдіктен қағылған алтын медаль иегерлері үшін бұл жақсы жаңалық болды. Беларусы елінде де алтын және күміс медаль иегерлеріне арнайы жеңілдік беріледі. Яғни медаль иегерлері олимпиада жеңімпаздары секілді 22 педагогикалық мамандыққа емтихансыз түсуге мүмкіндік алады.

Жалпы әлемдік тәжірибеде де «Алтын белгі» үшін алтынмен бағаланбайды. Ал елімізде бұылдан бастап оқу орнына «Алтын белгі» төсбелгісін алу үшін қойылатын талап қушейеді. Бұл туралы білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов педагогтардың республикалық тамыз конференциясында мәлімдеді. Министрдің сөзінше, БҒМ «Алтын белгі» үміткерлер үшін талаптарды қатаңдату жұмысын өткен жылы бастаған.

— Келесі жылдан бастап «Алтын белгі» алу үшін қойылатын талаптар қушейтіледі. Өздеріңіз білетіндей, біз оларды жыл сайын көзен-көзенмен өзгертіп жатырмыз. Бұл мәселені еткен жылы көтеріп, кейбір өзгерісті енгіздік. Биыл екінші кезеңде үміткерлердің бағасы тек жыл негізінде қойылатын керек. Осындай талап енгізіледі. Бұл өте маңызды. Сондықтан осындай шешім қабылдап отырмыз, — дейді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Бұдан бөлек, енді «Алтын белгі» үміткерлердің білімін тексеруде мектептен қана емтихан алынбайды. Енді мұндай құқықты тәуелсіз ұйым өткізеді. Білім саласына енгізілген бұл жаңашылдық келесі жылы жемісін береді деген сенімдеміз.

Айгүл ӨШІПЕРОВА

БІЛІМ АЛАҒЫНДАҒЫ БІРЕГЕЙ ЖОБА

Әне-міне дегенше, күнтізбедегі тамыз айының соңына таядық. «Туған ай тұраған етпен тең» деп өзімізді жұбатсақ та, отыз күнге өспел беруге әлі бір-екі күн бар. Осы ретте Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары жарап тұр. Білім десе бөлігеден қалмайтын олар тамыздың соңғы екі аптасында ауылға барып қайтты.

Әдетте қала баласының ауылға баруы жаңалық емес, жылда қайталанатын қалыпты жағдай екені рас. Алайда біз айтқалы отырған әлеуметтік жоба – көшбасшы мектептің жаңа бастамасы. «Екі апта ауылда» – Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларын ауылдық өмірге бейімдеуге арналған қызықты әрі ерекше жоба. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, оқушылар арасында ұлттық құндылықтарды дәртілеуді, туған елдің тарихын бүгінгі ұрпақ арасында жиі назарда ұстау мақсат еткен бастаманың әр күні маңызды. Себебі 7-10 сынып оқушылары қазақтың салт-дәстүрі, өнері мен мәдениетінің қаймағы бұзылмаған ауыл тұрмысын көзбен көріп, бойында жаңа қасиеттерді қалыптастыруға тырысуы керек.

Мектептің жаңа бастамасымен 7 сынып оқушысы Тәжіжан Хамитбеков Жалағаш ауданының Ақсу елді мекенінде болып қайтты. Қалада туып өскен жас зияткер ата-әжесі қоныс тепкен туған жерге ерекше қызығушылықпен барыпты. Небәрі үш мыңнан астам түпін бар ауылдың тарихына қаныққан Тәжіжан бізге тұрғындардың күнделікті тіршілігі жайында әңгімелеп берді:



— Ауылдағы тіршілік қаладағыдай емес, тың ерте басталады. Екі апта ішінде мен таңертең ерте тұрып, шөл орып, төрт түлікке жем-сусын беріп, қора тазаладым. Бір байқағаным, ауылда ұлттық салт-дәстүр жақсы сақталған. Балалар күні бойы асық атып, арқан тартады, одан өзге ойын түрлерін де біледі. Мұның өзі біздің денсаулығымызға пайдалы болды деп ойлаймын. Сондай-ақ ауыл адамдарынан бір-біріне деген жылулық байқалады. Олар қай кезде де көмектесуге дайын тұрады екен. Сонымен қатар ауыл ауасының, тағамының, табиғатының тазалығы маған ерекше ұнады», — дейді Тәжіжан.

«Ауыл – қазақтың түп қазығы» десек, туған жерге жиі барып тұру балаларды қазы болмысқа, еркіндікке жақындатады. Осы орайда жобаның тағы бір артықшылығын мектеп директорының орынбасары Ләззат Әбдірамова келесідей түсіндірді:

— Біріншіден, жұба жоба қалада өскен балалардың ойында «ауыл» туралы түсінікті қалыптастырады. Балалар қазақы мәдениеттен өтене танысады. Сонымен қатар шалғайдағы елді-мекендердің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін көріп, оны шешу бойынша зерттеу жұмыстарын ұсынады, — дейді ол.

12 сынып оқушысы Әйгерім Тұрмаханова да әкесінің кіндік қаны тамған Сырдария ауданы Жалағаш ауылында демалуына өткізіпті. Ауылдағы алғашқы күннен бастап күйбен тіршілікке білек сыбана кіріскен Әйгерім екі апта уақыттың пайдалы болатынын айтады:

«Біріншіден, жұба жоба қалада өскен балалардың ойында «ауыл» туралы түсінікті қалыптастырады. Балалар қазақы мәдениеттен өтене танысады. Сонымен қатар шалғайдағы елді-мекендердің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін көріп, оны шешу бойынша зерттеу жұмыстарын ұсынады, — дейді ол.

12 сынып оқушысы Әйгерім Тұрмаханова да әкесінің кіндік қаны тамған Сырдария ауданы Жалағаш ауылында демалуына өткізіпті. Ауылдағы алғашқы күннен бастап күйбен тіршілікке білек сыбана кіріскен Әйгерім екі апта уақыттың пайдалы болатынын айтады:



— Бау-бақшадан жеміс-жидек жинап, көкөністерді суару менің күнделікті әдетіме айналды. Бұдан бөлек ауыл тұрғындарымен әңгімелесіп, олардың осындай өмірі туралы ақпарат жинадым. Барыңша айналма ауыл тұрғынының көзімен қарауға тырыстым. Сол сәтте мен бірнеше өзекті мәселені байқадым. Соның бірі ауылда газ жүйесі жүргізілмеген, аурухана мен ерт сәндіру қызметтері әлі күнге қарастырылмаған. Жаңы сыздап ауырған адамдардың бірнеше шақырылған қашықтықта орналасқан аудандық ауруханаға баруына тұра келеді. Алдағы уақытта осы мәселелерді зерттеп, шешілу жолдарын қарастырып келеді. Ауыл өмірі менің бойымда адамгершілік, төзімділік, еңбекқорлық секілді ең жақсы қасиеттерді қалыптастырды деп ойлаймын, — дейді үздік оқушы.

Ауылдағы екі аптаның оқушылар үшін тез өте шыққаны анық. Енді Назарбаев мектебінің зияткерлері жаңа оқу жылын ауылдан алған жаңа күт, көңілді менен бастайтын болады.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЛІППЕ!



Жаңа оқу жылындағы жаңалықтардың бірі – «Әліппе» және «Букварь» оқулықтарының мектеп бағдарламасына қайта оралуы. 1 қыркүйекте мектеп табалдырығын алғаш аттаған бірінші сынып оқушылары алғашқы оқулықтарын алады.

«Әліппе» Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі бойынша жасалған, яғни қарапайымнан күрделіге өту. Алдымен дыбыстар, әріптер, содан кейін буындар мен сөздер зерделенеді. «Әліппе» оқулығының көмегімен бірінші сынып оқушылары шағын мәтіндерді оқып, түсініп, қарапайым сөздер мен сөйлем жазуды үйренеді. Оқулықтың мазмұны технологиялық әзірлеумен толықтырылған: смартфон камерасын арнайы QR-кодқа апарған кезде «суреттерді сөйлетуге» болады. Оқушылар еліміздің Әнұранын, өлеңдер мен ертегілерді тыңдай алады. Бұл баланың бойында ақпараттық визуалдық және тыңдау арқылы қабылдау дағдыларын дамытады.

НӘТИЖЕ ДЕП ОСЫНЫ АЙТ!

2022 жылдың қаңтарынан бастап балабақша, мектеп және колледж педагогтарының жалақысы 25 пайызға, мұғалімдердің жалақысы тағы 2 есеге артады. Педагогтарды ынталандыру мен қаржылай көтермелеу шаралары білім беру ұйымдарын білікті кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл ретте білім беру саласын арттыру үшін жағдай жасау педагогтарға қойылатын талаптарды да күшейтеді. Мысалы, биыл педагогикалық мамандыққа түскісі келетіндер үшін шекті балл 75 балға дейін көтеріледі. Мамандыққа мықты мектеп түлектері келуі үшін шекті балл ұлғайтылды. Сонымен бірге педагогикалық мамандықтар студенттерінің шекіртақысы 42 мың теңгеге көбейді.

Білім саласына енгізілген инновациялар қазірдің өзінде нәтиже беруде. Мәселен, педагогикалық мамандықтарға түскендердің орташа балы 90 балға дейін көтерілген. Сондай-ақ «Алтын белгі» иегерлері арасында мұғалім мамандығын тандағандар саны 2 есеге өсті. Тағы бір маңызды жағдай, егер бұрын мұғалімдерді жұмысқа қабылдау туралы шешімді мектеп директоры қабылдаса, енді жұмысқа орналастыру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету және педагогтардың біліктілігін арттыру үшін тиісті біліктілік талаптары бойынша электрондық форматта конкурс өткізіледі. Бұдан басқа, «Өрлеу» БАҰО қазір педагогтың үздіксіз кәсіби дамуының қалыптасуына көле жатқан жүйесіне белсенді түрде тартылып жатыр. Яғни жоғары мектептен бастап еңбек жолының соңына дейін педагог мектеп – педагогикалық жүйесі – педагогикалық жүйесі – педагогикалық жүйесі шенберінде дамиды.

2021 жылдан бастап педагогикалық мамандық бойынша алғашқы жұмысқа орналасуға үміткерлер кәсіби шеберлік бойынша сертификаттаудан өтеді. Яғни дипломнан басқа «Педагог» біліктілігін алу міндеті енгізілді. Бұл шара педагогтар мен менеджерлердің қарлық әлеуетін жақсартуға мүмкіндік береді. Педагогикалық бейіннің түлектері педагог-модератор біліктілігіне үміткер бола алады. Ол үшін Ұлттық комиссиядан өтіп, білім деңгейін көрсету керек.

НӘТИЖЕ ДЕП ОСЫНЫ АЙТ!



— Елімізде мектеп басшыларының жалақысына қатысты мәселе көп айтылып жатыр. Қазіргі еңбекақы деңгейінде бәсекеге қабілетті менеджерлер басшылық қызметке баруға қызықпай отыр. Жалпы жақсы педагогтар оқу ісін меңгерушісі, мектеп директоры болуға ұмтылмайды. Біз одан хабардармыз. Сондықтан бұл мәселе өзгеріс енгізуді қажет етеді, — деді министр.

Оның айтуынша, директорлардың жалақысы ұстаздардың еңбекақысынан төмен болатын жағдайлар жиі кездеседі. — Сол себепті мектеп директорларының жалақысын төлеудің жаңа жүйесі қаралып жатыр. Бұл 40 оқушы білім алатын мектеп директоры мен басқарушының жалақысына 1200-2000 оқушы бар мектеп басшыларына бірдей жалақы төлеуге қатысты. Яғни жүктеменің әртүрлі екенін байқауға болады, — деді Асхат Аймағамбетов.

Бұдан бөлек, 2020 жылы педагогтардың жалақысы 25 пайызға, 2021 жылы тағы 25 пайызға өсті. Бұдан басқа, біліктілік санаты үшін қосымша ақылар 30-дан 50 пайызға дейін ұлғайтылды. Дәптер төкергенін үшін, сондай-ақ сынып жетекшілігі үшін мұғалімдердің жалақысы 2 есе өсті. Тәлімгерлік үшін қосымша ақының жаңа санаты пайда болды. ҚР БҒМ бюджетінің негізгі бөлігі педагогтарға жалақы төлеуге жұмсалады.


ӨЗБЕКӨЛІ ЖӨНІБЕКОВТИҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

БІЛІМ ҚУҒАН БОЗБАЛА

Тұтас тағдырын ұлтқа қызмет етуге арнаған тарихи тұлға Отырар ауданына қарайтын есі қоныстың бірі Сарықамыста дүниеге келген. Сондағы ең қадірменді көнекөз қарт Өзбек ақсақалдың құрметіне сабидің есімі Өзбекәлі аталыпты. Ата-анадан жастай айырылған оның балалық, бозбала шағы бейнәтпен біте қайнасып жатты. Бірақ соғыс жылдарында балалар оқуды тастап кеткенде ол оқуын тоқтатқан жоқ. Тіпті өнерден де құралақан емес еді. Өзі жазған «Тарих тағылымы» кітабындағы мына бір оқиға осыны аңғартады: «Темірде біздің Өзбек деген атамыз тұрды. Кедейшілік. Көмпірі күніне екі-үш таба нан жауып, теміржолға шығарып сатып, түсімін қалжа қылып отыратын. Мен келгенде атам бой жасап, көңілі көтеріліп қалатын. «Бәрекеңде, ал енді қаптың аузын ашып жібер» деп маз-мейрам болатын. Олай дейтін, маған ең салғызатын. Мен болсам, көңілім соқпаса: «Өн жоқ, қаптың аузы буулы» деп тастайтыным бар-тын. Атам «қаптың аузын аша ғой» деп жалбарындай болатын. Бір кезде атамның жер үйінің итарғасына шығып алып, іштен дем тартатын түліктен: «Алматыдан сөйлеп тұрмаз. Қазақ өңдерінен концерт береміз» дегенімде, атам басын көтеріп: «Бәрекеңде-е, балам көп жаса!» дей беретін. Сөйтіп қарттың айызын қандырып, неше түрлі ең салып беріп, ризашылығын алатыным» деп жазды. Шәуілдірдегі Жамбыл орта мектебін бітірген Өзбекәлі Алматыға келгенде де оған ешкім құшақ аша қоймады. Мамандық пен оқу орнын таңдауға болысатын адам болмаған соң өз білгеніне сүйеніп, Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға тапсырады. Студенттік жылдары белсенді болған ол Қапан Бадыровтың жетекшілігімен қойылған Ғабит Мүсіреповтың «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасына қатысады. Сонда құлағы естімейтін, тілі жоқ балуанның рөліне бекітілген оның жүген-шылбырды «жамап-жасқағаны» әсерлі болды ма, әйтеуір жұрттың назары осыған түсе беріпті. Көрерменге нанымды болғаны ғой, сол қойылым қала бойынша өткен байқауда бірінші жүлдені ешкімге бермеді. Жасқануды білмейтін жалынды, кіршіксіз жастық шақтың төрт жылын арқа тастап, институтты бітірген Өзбекәліге Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданындағы «Ленин жолы» орта мектебіне жолдама берілді. Бұл өлкеде тағдыр оны өмірлік жары Қалиханмен жолықтырды. Кейінгі жол Келес аудандық комсомол комитетінің 1-ші хатшысы қызметіне жалғасты...

ТАРИХТЫ ТҮГЕНДЕГЕН ТҰЛҒА

«Қазақ мәдениетіне, өнеріне Ілияс Омаровтан кейінгі нағыз жанашыр адам. Өзбекәлі Жөнібеков». Бұл – халықтың өз ұлына берген әділ бағасы. Қызметтік жолының сатылап өсу көздерінен айтпаған күннің өзінде Өзбекәлі Жөнібекұлының қазақ ұлты үшін атқарған еңбегін санамалап шығуға дарменіміз жетпейтіні рас. Оның бастамасымен Қазақстанның көптеген қаласында этнографиялық мұражайлар ашылды, Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» қоғамы құрылды. «Шертер», «Адырған», «Алтынай» фольклорлық өнер ансамбльдерінің жөні өз алдына



ӨЖЕТЕ

«Жұртым үшін құрбан болсам, атына тұрман болсам» деген Өзбекәлі Жөнібеков өзгелерге ұқсамайтын. Замандастары оны «тыңнан жол табатын реформатор», «бірегей ұйымдастырушы, бірегей ұйытқы» деп бағалады. Ал мемлекет және қоғам қайраткері Михаил Есенәлиев Өзбекәліні «қазақтың ұлттық рухының символындай» деп жазды.



бөлек, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбергенов есімдерінің халқына қайта оралуына саналы ғұмырын арнады. Ал Тайқазанның елге қайтарылуы мен Наурыз мерекесінің қайта жаңғыруы Өзбекәлі есімін халыққа одан бетер жақындата түсті.

Өзбекәлі Жөнібекұлының Түркістанға ерекше зер салып, көңіл аударған кезі Мәдениет министрінің орынбасары қызметімен тұлға-түс келеді. Замандастарының пікіріне сүйенсек, ол кесененің қорғау аймағын қозғамау, іргетасына тиіспей керегін дәлелдеп, оның іргесінен туристік қалашық салсақ дегендерге үзілді-кесілді қарсы шыққан. Ал қасиетті кесенедегі Тайқазанды 1935 жылы уақытша көрмеге қоямыз деген желеумен Ленинградқа алып кетіп, сол күйі Эрмитажда 54 жыл тұрғаны қоғам қайраткерінің жанына батқаны анық. Құнды жәдігерді елге қайтару

әңгіме барысында айтуға оңай болғанмен, ал шын мәніндегі жұмыс барысын Өзбекәлінің ұлы Бауыржан келесідей баяндайды: «Өкем Түркістандағы Тайқазанды әкелуге екі жыл дайындалды. Алдымен Мәскеудегі комсомол ұйымының жетекшілерімен біраз аңылдасты. Тайқазанды есіктен де, терезеден де шығара алмайтындықтан, Эрмитаждың бір қабырғасын ойып қана шығару қажет болыпты. Оған рұқсат алу үшін Чехияның сәулетшілерін алып келген екен. Тайқазанды әкелгенде де «мен әкелдім» демеді. «Еліне оралды ма, оралды» болды, әрі қарай келесі бір жұмысымен айналысып кетеді. Наурыз мерекесін алғаш тойлауға да алдын-ала бір жылдай

«Түркістан, ондағы Өзірет Сұлтан кесенесі Қазақ тарихының ең қасиетті жерінен саналады. Бұл – біздің ең жанды жеріміз. Соған қарамастан, білетіні бар, білмейтіні бар – талай адам араласып, қасиетті Түркістанның тағдырын дұрыс шеше алмай келеді. Қалай дегенде де біз бүл күрделі мәселеге аса саптықпен қарауымыз керек».

Өзбекәлі ЖӨНІБЕКОВ

дайындалды. Әсіресе осы кезде үйден адам үзілмейтін. Ел арасында жүргенде кейбіреулер «Наурызды елге қауыштырған – сенің әкең» деп айтып қалады. Өкем Арқалық қаласындағы қазақ театрын ашқанда бірінші «Айман-Шолпан» спектаклі қойылды. Ол кезде Арқалық орыстанып кеткен қала болатын. Залда іпесіне ауаарма жоқ. Қазақша түсінібесе де орыстардың екі сағат қойылмасы көріп отыратыны есімде» деп жазды. Ал кей деректерде қоғам қайраткерінің Наурыз мерекесін жоғары деңгейде атап өту үшін Өзбекәліне арнайы адамдар жіберіп, сол жақтан

Наурыздың сценарийін жаздырып әкелгені айтылады. Осылайша 1988 жылы Наурыз мерекесі Алматы қаласының М.Горький атындағы мәдениет және демалыс саябағында үлкен мереке болып өткізіледі де, келесі жылы түгел қазақ даласына тарайды.

Тағы бір айта кететін жайт, Жөнібеков Мәдениет министрінің орынбасары болған уақытта Отырарды зерттеу жұмысына ерекше мән берген. Тарихқа сүйенсек, Отырар ауданының орталығына ғимарат салдырып, сол ғимаратта музей экспозициясын құрған. Мұражайдың ғылыми жұмыстарына басшылық жасаған ол сол жерден табылған құнды дүниелерді, тарихи жәдігерлерді сақтап қалуға, музей экспозициясынан орын алуына аса қатты көңіл бөлген. Тіпті сол жылдары Қазақстандағы мәдени, тарихи, сәулет ескерткіштерін сақтау қалу және қалпына келтіру мақсатында құрылған «Қазреставрация» мекемесі де Өзбекәлі Жөнібекұлының бірегей бастамасы еді.

Әдетте еңбек адамдарының өзге адамдарда көп кездесе бермейтін қасиеті болады. Өзбекәлі Жөнібекұлының өз ісіне жауаптылығы сондай, қандай баяндама, қандай құжат дайындаса да, бәрін өзі жазып, барлық деректі өзі іздейтін жиі айтылады. Бірде Өзбекәлі Өзбекстанда жерленген Әйтеке би мен Төле бидің кесенелерін өзі барып зерттеп келеді де, тарихи тұлғаларды өз жерімізге әкеліп ұлықтау оның арманына айналады. Бірақ мемлекет қайраткерінің бұл мақсаты тек арман күйінде қалып кетті...

СӘУКЕЛЕ ТІККЕН ҚАЙРАТКЕР

Өзбекәлі Жөнібекұлының өз ұнатқан келініне сәукеле тіккен жайлы аңызға бергісіз әңгіме бар. Сол сәукелені көзбен көрмесе де, талайлардың оған таңдай қаққаны анық. Шынында, үлкендер айтқан жобаман, одан қалды ескі кітаптағы нұсқамен тілген қазіргі сәукеелерді айтағанда, этнографтың өзі арнайы тіккен сәукеленің ерекше болатыны белгілі. Бұл жайында Өзбекәлі Жөнібекұлының жары Қалихан Айдосқызының естелігінде былай жазылған: «Өзбек: «Балам көңілімізден шығатын қызға үйленсе, қалыңдықтың сәукелесін өз қолымен тігер едім» деген болатын. Уәдеге сай ол шетелге шығатын әр сапарында асыл тастар әкеліп жинастыруды әдетке айналдырды. Кейін Бауыржанымыз үйленгенде уәде бойынша келіміз Гауһарға арнап үкілі сәукелені өз қолымен тігіп шықты». Бірақ бүгінде сол сәукеленің қайда екені белгісіз...

Одан бөлек Жөнібекұлы Алматыдағы Түскііз фабрикасына барып, түіе жүнінен екі шекпен тіктірген екен. Сол кісінің ұстанымы бойынша ұлттық өрнегі, осы бар киімдер күнделікті өмірде де киіп жүруге ыңғайлы етіп тігілген, әйтседе бертінге дейін сақтап алған киімдер нұсқасының қазір жоғалып кеткені қынжылтады. «Ана тілі» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай бұл тақырыпта оқырманға ой саларлық оқиғаны айтады: «...қай-қайдағы жырық құлақты «мұны хандар киген» деп мұражайға апарып, қастерлеп төрге іліп қояды. Бірақ ол, шындығында, жол торып жүрген қарақшылардың бас киімі болған. Өзағаш сондайды көргенде де ренішін білдіріп,

өкінетін. Содан кейін Жөнібеков шеберлер дайындайтын мектеп ашқан. Қазаққа ыр ою мен қырма ою деген бар. Арнайы шеберлер тауып, оқиды осы екі түрін өндіріске енгізген де осы кісі. Мысалы, Жамбылдың мұражайында өзі бас болып, қырма оюмен Ж.Жабаевтың портреті мен домбырасын жасатқан ғой. Алтынмен жұмыс істейтін шеберлерді де тапқан. Ол кезде алтынмен жұмыс істеу өте қауіпті болатын. Жұмыс аяғында алтынды банкке тапсыру керек болатын. Бірақ Өзағаш осының берін бір жүйеге түсіріп үлгермеді».

Өзбекәлі Жөнібекұлының өмір жолын сырттай тамашалаған адам сан қырлы өнердің ортасына тап болатын бар. Мәселен, ол кісінің торсықты қазақтың белгілі ұстасы Дәркембай Шоқпарұлына жасатқаны қазіргі бұны біле бермейді. Қазір сауда үйлерінде торсық көп болғанымен оны жасаудың да өз технологиясы бар. Торсықты бір қалыппа салып жидітіп, сонан соң көп табанындағы саза көметін, кейін иін қандыра иілеп, он сегіз күн ішінде дайындап шығуға болатынын Өзбекәлі Жөнібекұлы жақсы білген және Дәркембай жасаған торсық осы технология бойынша дайындалған.

Кейде қазіргі ұлттық киімдерді көргенде «бұған этнограф Өзбекәлі Жөнібекұлы қандай баға берер еді?» деген пенделік ой келеді. Оюдың тарихын білместен ұлттық киімді безендіріп шығу да оңай дүние емес, әрине?! Бірақ тарихты білетін адам үшін бұл үлкен қателік саналары дауыс ғой. Осы жөнінде Өзбекәлі Жөнібекұлының шәкірті Бахтияр Камалов айтқан әдемі мысал бар. «Бір күні мені бір жерде ететін айтыққа арнап шапан сатып алуға жұмсады. «Қазақстан дүкеніне барып, шапан сатып алғандыма, Өзбекке оң ұнамады. Мен сол кезде: «Қандай шапан алу керектігін мен қайдан білемін дегенімде, ол кісі: «Мынауың дұрыс идея екен...» деп, содан кейін Қаскелеңдегі «Раушан» деген киім фабрикасына барып, өзінің эскизі бойынша шапан тіктіріп, 1985 жылы өткен айттайса бүкіл үкімет мүшелерінің алдында сол шапанды көрсеткен болатын». Осы мысалдың өз мемлекет қайраткерінің ұлттық дүниенің қай-қайсысына да бел-жай қармайтынын аңғартады.

Ол кісі көзі тірісінде қоғамдық жұмыстарға араласа жүріп «зейнетке шықсам, мен қорықшы болам да, табиғат аясына барып кітаптарымыз жазамын» дейтін көрінді. Айтқанындай, алты Алаштың баласына азық болатын «Қазақтың ұлттық көл өнері», «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жолайрық», «Қазақ киімі», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы» атты еңбектері жарық көрді.

P.S. «Ешкімге жөнсіз тиіспей. Ал бір істі қолға алар алдында, оны не үшін, қандай мақсатпен істейтініді білген соң ғана, сол іске кіріс». 67 жыл ғұмырын ұлтқа арнаған Өзбекәлі Жөнібекұлының шәкірттеріне айтқан осы кеңесі бәріміздің қаперімізде жүрсе қандай ғанибет?! Өткіменің ол қазаққа, елге қызмет етудің нағыз үлгісін көрсеткен аңыз адам еді...

Дайындаған Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Әу бастағы мақсатымыз кітап дүкендерін жарнамалау немесе мәселе іздеу болмағаны белгілі. Бар болғаны қызылордалық жастар үшін қалада кітап сату орындары жеткілікті ме, соны назарға алуға тырысқанбыз. Сол ниетпен жүрген жерімізде «жастар қайтадан кітап оқып жүр, олар телефоннан жалыға бастады» деген сүйіншіні көп естідік. Іштей марқайып, мез болып қалғанымызды несіне жасырайық?!



АТА МҰРА: БАСПА БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ

Қала тұрғындары үшін Өйтеке би көшесінде орналасқан «Мұстафа Шоқай» кітап үйі жақсы таныс. «Ата мұра» корпорациясына қарайтын бұл орталыққа келушілердің қарасы калың. Басым көпшілігі жас оқу жылына дайындықты бастаған ата-аналар мен балалар. Айтпақшы, біздің замандастарымыз да мұнда жиі келеді екен. Бұл тақырыпта кітап үйінің иесі Еркін Мәженовпен тілдескенімізде, жастардың қызығушылығына тағы бір мәрте сүйсіндік.

— Осында 7-8 жыл бұрын телефон өмірімізге әбден ене бастаған тұста жастар бізге келмей қалды. Көбісі «электронда кітап тұрғанда, кітап дүкеніне барып не істеймін?» деп ойлағаны рас. Сол кезде тек зейнеткерлер ғана кітап іздейтін. Соңғы үш-төрт жылда жағдай өзгерді. Дүкенге жастар жиі келеді, қазақ тілінен бөлек орысша, ағылшынша тіпті түрік, италян тілдеріндегі кітапты да сұрап жатыр. Мәнінше, жастар интернеттен шаршады, телефоннан да жалықты. Онысы дұрыс, қазір кинотеатрға бұрынғыдай бара алмайсың, сонда бар қызық тек кітапта болғаны ғой... Жастар іздеген кітаптарға жиі тапсырыс береміз. Медицина, техника саласы бойынша кітаптар табу қиындау, ал қалған салалар бойынша кітаптың түр-түрін табуға болады. Қазір оқырмандар жеткізу қызметін сұрайтын болды, оған да жайлап үйрендік. Бұрын ондай дәстүр жоқ еді, қазір аудандарда да жеткізу қызметін қарастырдық, — дейді мекеме иесі.

Еркін Мәженовтің айтуынша, қазір шетел әдебиетінде Дәл Карнедидің, Орхан Памукидің аударма кітаптары, ал қазақ авторларынан Мирас Кесебаевтың «Ағылшын тілін екі айда үйрен» кітабы үлкен сұранысқа ие екен. Ал тарихи кітаптардан «Қан мен тер», «Арпалыс», «Сактар» кітабы оқырман сұранысы бойынша екі тілде жарық көрген. Осы тұста жастар үшін кітап бағасының да маңызды фактор екені рас. Сол үшін кітап бағасын сұрауды да ұмытпадық.



— Ең біріншіден кітап дүкені «Ата мұра» баспасының оқулықтарын қамтамасыз етілген. Оқулықтардың бәрі баспа бағасымен сатылады, үстіне бір тиын қосылмайды. Мысалы, мың теңгеге бағаланған кітапты жеткізу жолы бар, жанармайға бар, салығы бар, бәрі есептеледі. Бірақ қай өңірде алып қарасаныз да, кірме бағамен сатылады. Сол үшін халық бізге жиі алғыс айтады.

Одан бөлек кітап дүкені барлық баспамен байланыс орнатқан. Алматының өзінде 60 жуық баспа бар, бірақ кейде оқырманның сұрауы бойынша жақын шетелдерге де тапсырыс береміз. Ескере кететін жайт, басқа баспалардың кітаптарын сату кезінде бағада айырмашылық болады. Себебі кітапты сату кезінде жолғарыда айтылған мекеме қажеттіліктері ескеріледі, — дейді Е. Мәженов.

Расында сәредегі қазақ авторларын түгел қамтыған «Ата мұра» баспасының кітаптары 800-1200 теңге аралығында екен. Ал басқа баспа кітаптары тақырыбына қарай әртүрлі бағаланған.

КІТАРАЛ: ҚАЗАҚ АВТОРЛАРЫН СҰРАЙТЫН ОҚЫРМАҢДАРҒА ҚУАНА-ҚУАНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕМІЗ

Қала орталығынан жырдағана ашылған «Кітара» дүкенінде шамамен 3000-ға жуық кітап бар. Алматыдағы «Кітара» кітап дүкенінің қаладағы

франшизасы түрлі жанрдағы: қазақ тіліндегі әдеби шығармалар, әлем классикасы, психология, мотивация, әлемдік заманауи мелодрамалар, фантастика, мистика жанрындағы, балалар мен жасөспірімдерге арналған әдебиеттерді түгел қамтыған. Айтпақшы, бұл кітап дүкені де Өйтеке би көшесінде орналасқан. Кітап дүкенімен жайлап танысқан соң, мекеме қызметкері Ақсар Сағиязымен кітаптардың сапасы тұрасында әңгіме еттіміз.

— Соңғы кезде басылған аударма кітаптардың сапасы, мазмұны өте жақсы. Бұрын маған кітаптарды түпнұсқадан оқыған ұнайтын, өйткені аударманы түсінуге біраз уақытқа дейін қиын болды. Ал қазір көрсеткен аудармаларды еш кедергісіз оқи беремін. Мысалы, жақында Хэл Эллродтың «Магия утрас» кітабын орыс және қазақ тіліндегі нұсқасынан оқыдым. Қазақшасы өте керемет, тіпті мазмұны ағылшын тіліне жақынырақ деп айтар едім. Құдды бір түпнұсқадан оқығандай болсаңыз, — дейді А. Сағиязы.



Мұндағы кітап бағасына да ерекше назар аудардық. Мотивациялық, психологиялық кітаптардың өзге басылымдарға қарағанда бағасы сәл жоғары. Орташа бағасы 2500-3000 теңге аралығында. Ақардың айтуынша, бұл қалыпты жағдай, өйткені қай қалада болсын осы кітаптар үлкен сұраныста. Ал қазақ авторларының кітабы орташа бағамен — 1500 теңге.

— Орталыққа жастар жиі келеді. Студенттер, оқушылар да бас сұғып тұрады. Жастар көбіне психологиялық, мотивациялық кітаптарды сұрайды, ал оқушылар фантазия мен мистиканы жақсы көреді. Қазақ авторларын сұрайтын оқырмандарға қуана-қуана қызмет көрсетеміз. Қазақ әдебиетіне қызығушылық барын білгенде жүрегің жылып қалады. Өйткені қазақ шығармаларын оқытын жастар салыстырмалы түрде әлі де аз. Қазір «Қасым» баспасынан шығатын Бердібек Соқпақбаевтың, Шерхан Мұртазаның, Зейнеп Ахметованың кітабы жоғары сұранысқа ие. Өйткені бұл кітаптардың мұқабасы тартымды, көлемі де шағын. Кейде мотивация іздеп келген жастарға да қазақ әдебиетін оқуға кеңес береміз. Өйткені психология мен мотивацияның төресі осы кітаптарда. Өзірге діни кітаптарды сатуға өкімшілік тарапынан рұқсат берілмеген. Бірақ жастар осы тақырыптағы кітаптарды жиі сұрайды. Алдағы уақытта қаладан тағы бір кітап дүкені ашылуы мүмкін, сол кезде діни тақырыптағы басылымдар сатылатын болады, — дейді А. Сағиязы.

«Кітара» дүкенін аралап жүріп, қаржы, бизнес, спорт саласында жетістікке жеткен адамдардың үздік кітаптары жинақталғаны байқалды. Таңғы сағат 10.00-нан кешкі сағат 10.00-ға дейін демалыссыз жұмыс істейтін кітап дүкені жеткізу қызметін де жолға қойған. Өзіндік әдемі атмосферасы қалыптасқан орталықта кофехана да қызмет көрсетеді екен.

Р.С. Қалада біз барған «Ата мұра», «Кітара» дүкенінен бөлек, «Асыл мұра» кітап дүкені де жұмыс істейді. Алдағы кітап дүкенінің иесі орталық жайлы ақпарат беруден бас тартқан соң, бұл жайында ешнәрс жазбадық. Әзірге кітап іздеген жастар үшін біз айтқан кітап дүкендерінің есігі айдарға ашық.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ,
Суреттерді түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

Баян АХАТАЕВА, «Қара шаңырақ» қоғамдық қорының жетекшісі:

АҒЫЛДАР ҚАРТАЙЫП БАРАДЫ

— Баян ханым, Сыр өңіріне қош келдіңіз! «Қара шаңырақ» қоғамдық қорының негізгі жұмысына тоқталсаңыз? Қай бағытта жұмыс істейсіздер?

— «Қара шаңырақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылып, өз қызметіне кіріскеніне көп болмаса да, өз мақсатына сай ұлттық құндылықтарды ұлықтауда біршама жұмыстар атқарды. Соның ішінде бірлестік кеңес мүшесі Тұрар Саттарқызының жетекшілігімен «Сырлы Сарыарқа», «Ертегі — ел ертегі» клубтары пандемия әкелген қиындықтарға қарамай өз тыңдарманына жүйелі түрде қызмет етті. Одан бөлек Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа аудандық әкімшілігі жанында «Жас отау» жас жұбайларға кеңес клубы аудандық АХАЖ бөлімімен бірігіп қызмет көрсетті. Осы клуб жиырмаға жуық жұптың ажырасуының алдын алды. Ажырасу қалыпты жағдайға айналған кезеңде бұл жақсы көрсеткіш деп білемін. Бүгінгі күні бірлестіктің еліміздің тоғыз өңірінде филиалы бар. Бүгінде ҚХА жанындағы Аналар кеңесі, өңірлік Әйелдер кеңесімен бірлесіп, «Ана әлді» жобасын республика көлемінде жүзеге асыруда. Мақсат — тәрбиенің тал бесігін тербеген әлдідің үнін еліміздің барлық өңірінде әуелету. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, насихаттауда «Тілге бойлау» жобасы іске қосылады деп жоспарлануда.

— Қателеспесек, «Ана әлді» конкурсы қордың алғашқы ауқымды жобасы. Жалпы конкурстың өту деңгейі көңіліңізден шықты ма?

— «Ана әлді» республикалық деңгейдегі алғашқы шарамыз болғандықтан ұйымдастыру бағысында кеткен кемшіліктер бар. Мысалы, еліміздің барлық өңірі қатыса алмады. Қазір өңірлік қорытынды кезеңге де көп жеттік. Қызылорда әдеттегідей алғашқылардың қатарында. Өңірлік сайыс жеңімпаздары республикалық сайысқа жолдама алды. Бұйыртып, әуені мен әуезі келіс-кен әлділерді әлеуметтік желі арқылы көңінен насихаттамыз деген мақсатымыз бар.

— Сыр өңірі көпшілігінің белсенділігіне қандай баға бересіз? Ұлттық дәстүрді берік ұстауда қай қала алдыңғы қатарда?

— Қызылорда — еліміздің қазақылығын, тіл тазалығын, ата дәстүрді сақтаған өңірлердің бірі. Бұл жолы да белсенділік танытуда. Отбасы, ошақ қасы отырған келіншектердің суырылып шығып, бесік жырын сайыстың шартына сай паш өте білуі, нақышына келтіре орындауы мен бейнероликтердің талғаммен жасалуы — жас аналардың руханият деңгейінің биік көрсеткіші. Бала тәрбиесінің темірқазығы іспетті аналар биік болса балалар да биік болады.

— Облыстық іріктеуден өткен жеңімпаздар енді республика көлемінде бақ сынаиды. Онда қандай талаптар қойылады?

— Республикалық сайысқа жолдама алып, жол тартқан жеңімпаздар құрамында танымал композитор, жазушы, өңші және тіпті маманы бар қазылар ақсаының қатан сыннан өтеді. Негізгі талап — өлді әуенінің құлаққа жағымдылығы, сөз сапасы, бейнероликтің мазмұнды, мағыналы көркем жасалуы.

— Қордың алдағы жоспарларына тоқталсаңыз?

— Тарапымынан жас, көпбалалы, жалғыз-басты аналармен жан-жақты жұмысты жандандыру, отбасылық құндылықтарды дәртігетін іс-шаралар ұйымдастыру, қоғамдағы ата, өке, аға мен іні, жалпы ер адамдардың ролін нығайтуға бағытталған жүйелі, жоспарлы шараларды тәрбие мен білім беру орындарында ҮЕҰ бірлесіп отырып жасаса деген ниет білдіремін.



Себебі, Отан отбасынан басталатынын ескерсек, әр отбасының беріктігі, ынтымағы, берекесі — Отанымыздың мызғымасстығының кепілі. Біздің бірлестік те отақ мақсатта тізе қосып қызмет қылуға анып қалмайды. Елдегі ажырасу мәселесінің алдын алуда ауқымды шаралар ұйымдастыру жоспарда бар. Бастапқыда біреудің жеке өмірі сияқты болып көрінгенімен, оның әр жағында тұтастай ұлттық тағдыры жатқанын өркес мойындауымыз керек. «Қара шаңырақ» жобасының мақсаты — ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүддені өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу, ұлттық тәлім-тәрбие негіздерін, мемлекеттік идеяның негізі болып отырған патриотизмді насихаттау, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларды қайта жаңғыртып, жас ұрпақ санасына сіңіру. Ұлттық құндылықтарды темірқазық еткен, бәсекеге қабілетті, білімге құштар, бірлігі мықты қоғам құруда әрқайсымыздың еңбегіміз жана берсін!

— Қала қоғамы ретінде қаланың даму бағытына қандай пікір қосар өңіз?

— Негізгі мен Сыр өлінің тұмасмен. Осында тұрмыс құрып, жолдасымын қызмет бабымен 17 жыл бұрын Астанаға қоныс аударған болатынбыз. Қазір қаламыздың сәулеті көз тартарлықтай, таза өрі әдемі. Жылдан-жылға қала аумағы да кеңіп келеді. Мәселен, Сол жағалау ұқшап ауданды да қала қонақтарының көңілінен шығуда. Тек ғана ойландыратын мәселе — өңірдің климаты. Жалпы бұл мәселе өңір халқын ғана емес, әлемді аландатып отыр. Сонымен қатар халықтың әлеуметтік хал-ауылын көтеру қажет. Ағуындар да қартайып бара жатқандай көрінеді. Бір ғана Нәміт Гисоев ауылмен ғана мақтана алмайсы. Соныңдан көпке үлгі боларлықтай ауыл санан артырып қана жастардың ауылға деген махаббатын, жұмыс істеуге деген құлшынысын арттыруға болады.

Сұхбаттасқан
Айгүл ӘЛІШЕРОВА

ҚАЛА ҚОНАҒЫ

ТУҒАН ЖЕР ЫСТЫҚ ӘРҚАШАН

Туған жерім қасиетті Сыр топырағына қонақ болып келгенде байқайтынмыз, сұлу өлкенің рухани, мәдени орталығы Қызылорда қаласы — дамуың дара жолына түсіп, сені мен сәулеті, даңқы мен дәулеті асқан ғажап шаһарға айналып келеді.



«Мен қызылордалықпын!» деп үлкен мақтанышпен айтамын. Қаламыз көз алдымызда күн сайын көрініп, кеңейіп, әлем шаһарларымен теңесе тоғысып, кең тыныстап жатыр. Қалаға кіріп келе жатқанда ұлттық нақышта көмкерілген қаланың қос қақпасы аймақтың ажарын айшықтайды. Біз келмеген біраз уақытта көп нәрсе өзгерген.

Қала көшелері кеңейген, жолдары тактайдай тегіс. Жалпырақ жатқан асфальт жолдар қос қапталы жарықтандырылған, гүлдермен көмкерілген. Сонымен қатар қала көшелеріндегі жолдың шетіне қиыршық таспен өрнектел, неше түрлі оюлар жасалған. Мұның барлығы көрген көздің жауын алады. Сырттан келген қонақтарды қызықтырып, тандып қалары анық. Сол жағалау қаланың сәулеті, үлкен мөлтек ауданына айналуда. Бүгінгі күні өңір салынып жатқан жаңа үйлер, сауда орталықтары мен әсем ғимараттар қала көлбетін келтіріп тұр. «Магnum» орталығы, түрлі отбасылық мейрамханалар мен орталықтар халыққа қызмет етуде. Бұрын достарымызбен бірге баратын жерлер санаулы болатын. Жастар тек орталық алаң мен қалалық демалыс паркінде көшілік сөрүендейтін. Қазір қалада жастарға арналған түрлі орындар көбейгеніне қуандым.

Соңғы үлгідегі аялдамалар, бағдаршамдар, түнгі жарық шамдар бәрі де шаһар шырағын аша түскендей. Күн сайын көрініп, әлі сайын ажарланып, жыл өткен сайын жасарып, жаңарып келе жатқан жаңа үйлер, сәулеті сұлулығына еріксіз таң қаласың. Мақпал түнде қала көшелері самапалай жап-жарық. Арман-қиялға ерік беріп, кең көңілсіз бойлай, кең тыныстап, гүлзарларға қызық қарып, жүре беріп келеді. Тіпті, орталық алаңдарға жаңадан салынған субұрқаттың өзі көрген адам жанына сая, көңіліне шауқ сыйлайтындейді. Қызылордаға келіп, өңге бейнебәй түсіріп жатырмыз. Бұрынғыдай емес, ұялмай көрсететін көрікті жерлер көбейген. Жайнай бер, сүйікті Қызылорда!

Серік ИБРАГИМОВ, өңші



Тұрсынғали Еділов:

ЕСКІ ЖҮЙЕДЕН АРЫЛУ ҚАЖЕТ

Токио Олимпиадасынан кейін ел боксшыларына біршама сын тағылғаны белгілі. Ел егемендік алғаннан бастап қатысқан Олимпия ойындарында былғары қолғап шеберлері алтынсыз қайтпаған еді. Жапонияда үкілеп қосқан шаршы алаңның майталмандары жолдан жаңылды. Небәрі қос қоламен Қазақстанға қайтты. Тіпті құраманың тең жартысы ноқдаун алып, жанкүйерлер жаға ұстарлық жағдайға жетті. Сөтсіз сайысқа бокс федерациясы түрлі анализ жасауда. Бақтияр Артаев кәсіпқой боксшыларды құрамаға тарту идеясын ұсыныса, 2000 жылы Сидней Олимпиадасында білікті бапкер болған Тұрсынғали Еділов Артаевтың ұсынысы тым артық деп баға берді. Бекзаттай батырды, Ермахандай алыпты чемпион қылған жаттықтырушы еліміздің бүгінгі боксына шолу жасады.

КЕМШІЛІК КӨП

Бұл жолы әдеттегідей төрт жыл емес, бес жыл бойы тағатсыздана күткен Олимпия ойындарында біздің боксшылар деп осылай сүренсіз өнер көрсетеді деп ешкім де ойламаған жоқ. Тек біз ғана емес, шетелдіктердің өздері де аңтан. Қазіргі кезде Қазақстан боксын дамыту үшін мемлекет тарапынан қыруар қаржының жұмсалып жатқаны белгілі. Осы саланың басы-қасында жүрген ауқатты азаматтар да ақшаны аяп жатқан жоқ. Бір сөзбен айтсақ, боксшылардың еш алаңсыз дайындалуына қолыай жағдайдың барлығы жасалған. Бірақ спорттың бұл түрінде ілгерілеу байқалмайды. Керісінше, кері кетіп бара жатқандаймыз. Қазақстан секілді бокс өнерінде бай дәстүрі бар іргелі мемлекет үшін қос қола дегенді тым нашар көрсетіш. Соған қалай күйімейсіз?! Кезінде бізде мұндай жағдайдың бірі де болмады. Өйтеуір, әркімге алақан жайғандай болып, қарыз сұрап, өз жыртығымызды өзіміз жасап жүрдік. Соған қарамастан зор бөлестерді бағындырдық. Сөз орай келгенде ұзақ жылдар бойы отандық боксты өрге сүйреген іскер басы Бекет Махмұтовтың ерен еңбегін ерекше атап өткім келеді. Өрбір жарыстың нәтижесі үшін ең бірінші кезекте ұлттық құрама бапкерлері жауап беруге тиіс. Дайындық жұмысын жүргізу барысында көптеген кемшілік көткенін айтар едім. Біріншіден, менің бір байқағаным, оқу-жаттығу жиындары тым жиі өткізілді. Оның қажеті бар ма, жоқ па, оған мән берген ешкім болған жоқ. Сол саны көп, сапасы аз жиындар спортшыларды қатты қажытты. Мәселен, жыл басынан бері ұлттық құрама мүшелері Куба мен АҚШ-та, одан кейін Ресейдің Кисловодск қаласында даярланды. Айналайындар-ау, осыдан бірнеше жыл бұрын Алматының дәл іргесінде керемет олимпиадалық база салынды ғой. Ол жердің табиғаты керемет, ауасы сарф таза. АИБА-ның базасында еш алаңсыз жаттығу үшін барлық жағдай бар. Анда-мында сандала бергенше, сол жерде неге даярлана бермесек? Екіншіден, Олимпия ойындарының басталуына екі

айдан кем уақыт қалғанда еліміздің бірінші нөмірлі боксшыларын Азия чемпионатына қатыстырдық. Оның не қажеті болғанын әлі де түсіне алмай отырмын. Дубай жақын жер емес. Оның үстіне ол кездері Парсы шығанағында күн күйіп тұрды. Осы жағдай ескерілмеді. Құрылық дегендей доғара қосалқы құрамдағы жігіттерді аларса да, ештеңеден ұтылмайтынмыз анық. Ал негізгі күшімізді Олимпия ойындарына сақтау керек еді.

БОКСШЫЛАРДЫҢ ЖАНАРЫНДА ОТ ЖОҚ

Боксшылардың Токиоға шаршап-шалдыққан күйі келгені бірден байқалды. Шыны керек, шаршы алаңда ешқайсысы кәсіпті өнер көрсете алмады. Олардың қимыл-әрекеттеріне қарап, дәл бір елшілік жарыстарда күш сынасып жүргендей әсерде болдық. Команда мүшелерінің дені дәл сондай күйде болды. Мәселен, 81 кило салмақтағы Бекзат Нұрдаулетовті алайық. 2019 жылғы әлем чемпионатында оның қалай жұдырықтасқанын көрдіміздер. Өр жекпе-жекке жұтқынш шығып, барлық қарсыласын сыпыра ұтты. Тіпті Кубаның даңқты боксшысы Хулио Сезар де ла Крузсты өзін есеніретін тастады. Быыл Санкт-Петербургте өткен «Губернатор кубогы» жолындағы жарыста да тамаша бабында болды. Финалда ринг қожаыны Имам Хатаевты жеңді. Бәсеке барысында қарсыласын ноқдауға жіберді. Бірақ Олимпиадада біз мүлде басқа Бекзатты көрдік. Ең өкініштісі, Токиода ол дәл сол Хатаевқа есе жіберді. Бәсеке барысында қандасымыздың бойынан жеңіске деген зор құлшынысты байқамадық. Бұл жерде қорынды бір ғана – Олимпиаданың алтын туғырына көтерілуге тиіс боксшыны біз ең маңызды жарысқа әбден шаршатып әкелдік. 69 кило салмақтағы Абылайхан Жүсіповтің де күш-қуаты кеміген, жанарында от жоқ. Осыдан екі жыл бұрын Екатеринбургте өткен әлем чемпионатының жартылай финалында ол ресейлік Андрей Замковоймен ете жақсы жұдырықтасты. Тіптен жеңісті біздің жігітке де беруге болатын еді. Ал Олимпиаданың



түсауескер кездесуінде Жүсіпов есімі көпшілікке беймәлім америкалық Деланте Джонсоннан ойсырай ұтылды.

КӘСІПҚОЙЛАРҒА ҮМІТ АРТУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Кәсіпқойлардың ұлттық құрама мүшелерімен тәжірибе бөлісіп, көмектесу үшін келсе, бұл – құлтарлық іс. Ал ел намысы сыңа түсетін байрақты бәсекелерде кәсіпқойларға үміт артудың еш қажеті жоқ. Оның өзіндік себебі бар. Біріншіден, жоғарыдағыдай қадамға бару арқылы мәселе түбегейлі шешілмейді. Кәсіпқойларға арқа сүйегеннен гөрі, өзіміз әрекет етуіміз керек. Қазіргі кезде республикамыздың әр қиырында көптеген спорт мектебі мен мамандандырылған интернаттар бар. Сол жерде мыңдаған жас жеткіншек жаттығып, талай бапкер еңбек етіп жүр. Солардың арасынан дарынды жастарды іздеп тауып, оларды жақсылап баптап, дұрыс бағыт беруіміз керек. Олай етпесек, жоғарыда айтылған

мектептер мен интернаттарды мемлекеттің есебінен қаржыландырудың не қажеті бар? Онда ол мекемелерді жаба салайық! Екіншіден, ескі жүйеден арылу қажет. Ол үшін жасөспірімдер мен жастар буынынан бастап, ұлттық құрамадағы дайындық процесін оңтайландыруға тиіспіз. Жұмыс нәтижелі болу үшін жанашыл көзқарас, жаңа буын, жаңа леп қажет. Үшіншіден, үлкен аренада өзін мойындатып үлгерген кәсіпқойлардың әуесқойлар арасында күш сынасуға келісе қоюы екіталай. Өйткені олардың өз жоспарлары мен алға қойған мақсаттары бар. Ал ол жақта көптің бірі болып, ілініп-салынып жүргендердің бізге еш қажеті жоқ. Төртіншіден, кәсіпқой мен әуесқой бокс арасында айырмашылық өте көп. Тіптен екеуін екі түрлі спорт десек те болады. Екі жақта да жұдырықтасып жүрген жігіттер өзі жақсы біледі. Тіптен мықты деген кәсіпқой боксшының өзі әуесқой рингте өзін түбегейлі мойындата алмауы мүмкін. Менің айтар уәжім осы.

ТАЛАҒАТТЫҢ ТАҢДАУЫ



Қақпашылар: Стас Полатилов («Қайрат»), Мухамеджан Сейсен («Тараз»), Игорь Шацкий («Шахтер»).
Қорғаушылар: Нұралы Әліп, Ян Вороговский (екеуі де – «Қайрат»), Абзал Бейсебеков («Астана»), Марат Быстров («Ахмат», Ресей), Сергей Малый, Александр Марочкин, Руслан Валиуллин (барлығы – «Тобыл»), Темірлан Ерланов, Юрий Логвиненко (екеуі де – «Ақтөбе»), Әлібек Қасым («Қызыл-Жар СК»), Еркін Тапалов («Ақжайық»), Мақсат Тойкенов («Каспий»).
Жартылай қорғаушылар: Владислав Васильев («Андижан»), Әббасхан, Бахтияр Зайнутдинов (ЦСКА, Ресей), Исламбек Құтат («Астана»), Сұлтанбек Астанов («Ордабасы»), Асхат Тағыбергенов, Самат Жарынбетов,

Азат Нұрғалиев (барлығы – «Тобыл»), Рамазан Оразов («Ақтөбе»).

Шабуылшылар: Айдос Тәттібаев («Шахтер»), Артур Шушеначев («Қайрат»), Абат Айымбетов («Астана»).

Қосалқы құрам:

Қақпашы: Дмитрий Непологов («Астана»);
Қорғаушылар: Михаил Габашев («Шахтер»), Нұрлан Дайыров («Қызыл-Жар СК»), Олжас Керімжанов («Түран»), Бағдат Қайыров («Тобыл»).

Жартылай қорғаушылар: Максим Федин («Ақтөбе»), Бауыржан Байтана («Тараз»).

Шабуылшылар: Руслан Мұртазаев («Балтика», Ресей), Оралхан Әміртаев («Шахтер»).

Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Талағат Байсуфинов қыркүйек айында өтетін ойындарға шақырылған футболшылардың тізімін нақтылады. Қазақстан футбол федерациясы мәлімдегендей, 2022 жылғы әлем чемпионатының іріктеу матчтарына келесі ойыншылар шақырылды.

ҚҰРАМАНЫҢ НАМЫСЫН КІМДЕР ҚОРҒАЙДЫ?



Қайрат Нұрдаулетов Қазақстан жастар (U-21) құрамасының алдағы матчтарға шақырылған футболшылар тізімін жариялады. Жастарымыз 7 қыркүйек күні өз алаңында Дания құрамасын қабылдайды.

Қақпашылар: Данил Устименко («Қайрат»), Вадим Петров («Қызыл-Жар»), Қажымұқан Төлепбергенов («Мақтаарал»).
Қорғаушылар: Дінмұхамед Қашкен («Ақтөбе»), Александр Ширококов («Қайрат»), Тайыр Нұрсейітов («Шахтер»), Нұралы Мамырбаев («Қыран»), Әділбек Жұмаханов («Атырау»), Жалғас Жақсылықов («Тараз»), Лев Скворцов («Астана»), Сағи Совет («Астана»), Әлішер Әжімов («Ақтөбе») Нұрбергенов («Жетісу»).

Жартылай қорғаушылар: Сұлтан Сағынаев («Астана»), Андрей Ульянов («Қайрат»), Арман Кеңесов («Қайсар»), Данияр Асанов («Қайрат»), Эльхан Асанов («Ордабасы»), Максим Самородов («Ақтөбе»), Дінмұхамед Қараман («Тараз»), Арсен Буранчиев («Қайрат»).

Шабуылшылар: Матвей Герасимов («Испоч», Беларусь), Абылайхан Жұмабек («Тараз»), Владислав Прокопенко («Астана»), Вячеслав Шыров («Қайрат-Москва»).

Қосалқы құрам: Жасұлан Қайырынов («Атырау»), Жасұлан Жұмашев («Тобыл»), Еркебұлан Сейдахмет («Қайрат»), Равиль Ибрагимов («Қайрат»), Мирас Тұрлыбек («Ақсу»), Мейрамбек Қалмырза («Астана»), Иван Свердлов («Шахтер»).

Оқу-жаттығу жиыны 28 тамызда басталады. Жастарымыз 7 қыркүйек күні өз алаңында Дания құрамасын қабылдайды.

РЕЙТИНГТЕГІ РЕТТІЛІК



Кәсіпқой теннисшілер қауымдастығы әлемнің үздік ойыншылары рейтингінің жаңартылған нұсқасын жариялады. «Қазақстан құрамасының көшбасшысы Александр Бублик өзі үшін рекордты 37-орынға оралып, бір орынға көтерілді. Михаил Кукушкин де бір сатыға көтерілді, ол қазір 129-ыншы орында тұр. Жұптық сында Андрей Голубев 36-ыншы орынды сақтап қалса, Александр Недовесов екі орынға көтеріліп, 82-інші орынға жайғасты», деп хабарлады Қазақстанның Теннис федерациясының баспасөз қызметі.

АТР рейтингі (бір разряд). 23 тамыздағы ереже:
37 (+1). Александр Бублик (Қазақстан) – 1633
129 (+1). Михаил Кукушкин (Қазақстан) – 614
182 (-6). Дмитрий Попко (Қазақстан) – 403
294 (-1). Тимофей Скатов (Қазақстан) – 193
387 (+1). Денис Евсеев (Қазақстан) – 113
774 (-1). Григорий Ломачин (Қазақстан) – 26
784 (+4). Бейбіт Жукаев (Қазақстан) – 25
864 (+3). Достанбек Ташбулатов (Қазақстан) – 20.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

Талап АЛТЫНБЕКҰЛЫ, әдіскер:

ОЛЖА САЛҒАН 30 ЖЫЛ



Тәуелсіздікке жету жолы қаншалықты ауыр болса, тәуелсіздікпен тыныстаудың баяндылығы да соншалықты жауапты екені анық. Жас ұрпақ тәуелсіздіктің тағдырын танып, қастерлеп, құрметтеп отыруы керек деп түсемін. Сондықтан беріміз еліміз үшін еңбектенуіміз, халқымыз үшін қызмет істеуіміз керек.

Тәуелсіздік – қазақтың маңдайына оңай бұйырған олжа емес. Ата-бабамыз аңсаған азаттыққа қол жеткізіп, егеменді ел болу үшін талай тар жол, тайғақ кешуден өтті. Қазақтың көзін ашып, көкірегін ояту үшін тер төккен, ұлтының бодандықтан құтылуы үшін өз өмірін құрбан еткен есіл ерлердің еңбегі ақталды. Тәуелсіздік еліміз

“Тәуелсіздік қарлығаштары”
айдарын тұрақты түрде ұсынып келе жатқанымызға үш айдан аса уақыт өтті. Біз осы айдарымыздың ел арасында оқылымды екеніне қуанамыз. Бүгін Қазалы ауданы, Өркендеу ауылының тұрғыны Талап Алтынбекұлы өзінің Тәуелсіздікке қатысты ойымен бөліседі. Талап Өркендеу ауылындағы №104 орта мектебінде оқыған. «Қазақ-Қытай» академиясында қаржы мамандығында білім алған. Өркендеу ауылдық қоғамдық жастар ұйымының төрағасы, Қазалы аудандық «Жастар Парламентінің» депутаты, «Үздік жас депутат» номинациясының иегері. Шымкент қаласындағы Қазақстан инженерлік-педагогикалық халықтар достығы университетін музыкалық білім мамандығында бітірген. «Өркендеу ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналық қазыналық кәсіпорнында әдіскер болып қызмет атқарауда.

қанат бітірді, қадамын қарыштапты, болашаққа сенімін нығайтты. Егемендіктің арқасында алыс-жақын көшірлермен тереземіз теңесті, халықаралық қауымдастықтан омыл тұрып орын алдық. Тәңірден берілген тәтті сыйдың қазақ азында қалықтап, шақты күнінің арйаппа атына 30 жыл толды. Ел үшін айтулы жылды ұлықтау, ашы термен келген тәтті жеңістің салмағын бағамдау, Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу барысында өскелеп ұрпақтың санасына сіңіру маңызды. “Тәуелсіздік бәрінен қымбат” деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс, – дейді Талап замандаш.



ӘЛЕМНІҢ 20 УНИВЕРСИТЕТІНЕН ШАҚЫРТУ АЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚЫЗ ЛИТВАНЫ ТАНДАДЫ

Соңғы күндері әлеуметтік желіде сүйінші сұраған жұрт көп. Оның басты себебі – ЖОО-ға грант иегерлерінің тізімі жариялануы. Ата-анасы баласының, ұстазы шәкіртінің сенімді ақтағанын айтып, қуанышымен бөлісіп жатыр. Ал біздің көйпекіміз сәуір айында әлемнің 20 жоғарғы оқу орнынан шақырту алған. Ал мүлдем танымал кәсіпкер Айдын Рахымбаев сүйіншілеген еді.

Жамбыл облысы Мейрамқұл ауылының тумасы Азизхан Аяна 2004 жылы қаңтарда дүниеге келген. Ол осы ауылдағы М.Жұмабаев атындағы мектеп-лицейде білім алып, 11 сыныпты IQanat High School of Buralau мектебінде білімін шырғаған. Айта кетейік, бұл мектеп 2020 жылы ашылған және Абай идеясына негізделген. Онда тек ауылдық жерлерден келген 10-11 сыныптарда оқитын 200 дарынды оқушына арналған IQanat олимпиадасының республикалық кезеңінің финалистері білім алады.

Азизхан Аяна білімге деген құштарлығы отбасы мүшесінің және мектеп мұғалімдерінің арасында пайда болғанын айтады.

– Бала кезімен екі әпкеме қарап өстім. Олар оқуда озат еді, ЖОО-ны да қызылға тамамдады. Анамның мұғалім болғанды да өз әсерін берген шығар, өйткені мен әдейі шығармаларды көп оқитыным. Ағылшын тілі, математика және география пәндерін сүйіп оқыдым. Көптеген жарыстарға, олимпиадаларға қатысатыным, отбасымың қолдауы көп көмектесті. Білімнен қатар спортты да сүйемін. Ауылда жүргенімде волейболға қатысатыным, ақшын разрядтағы спортшы атандым. Жамбыл облысында мектептер арасындағы жарыста біздің команда үшінші орынға ие болды. Волеотерлікпен де айналыстым, – дейді.

Аяна әлемнің 20 жоғарғы

оқу орнынан қалай шақырту алғанын түсіндірді.

– Ауылда оқип жүргенімде болашақта жоғарғы оқу орнын шетелде оқу деген арман ғана еді, мүмкіндік аз болатын. Ал осы мектепке келген соң мүмкіндіктер өзгертін ашыла берді. Жалпы шетелдік университеттерден шақырту алу оңай шаруа емес. Жұрт оған екі-үш жыл бойы дайындалады, ал бізде небары бір айға жуық уақыт болады. Бірінші семестр аяқталған тұста біз халықаралық SAT дайындық группасына іріктенуден өтіп, халықаралық тест тапсырдық. Сосын арнайы сайт арқылы әлемдік университеттерге өз атымыздан өтініштер жіберіп бастадық. Шамамен 35-не жуық университетке өтініш жібердім, олардың жауабы сәуір-мамыр айында келетін болды, кейбіреуі жазда белгілі болады деді. Сәуір соңында мен 20 университеттен шақырту алдым. Әртүрлі елден және әртүрлі шапартым. Мысалы, өзім қалаған АҚШ университетінің қаржыландыруы толық емес болды, Түркия, Ресей университеттерінен жақсы ұсыныстар болды. Еуропа елдерінен Литваның Каунас қаласындағы Vytautas Magnus University ЖОО-ның шапарттары маған қатты ұнады. Осылайша мен еуропалық университеттің студенті атандым, алдағы жылдары экономика-қаржы саласында білімдік шыңдайтын боламын. Бұйырса, 26 тамызда Литваға ұшамын. Шетелде оқып жүрген Қазақстан азаматтарын көріп риза болатыным. Енді өзімде

солардың қатарына қосылғаным қатты қуанып жүрмін. Болашақта арманым – осы

өзім оқыған IQanat мектебінің бір меценаты болсам деймін. Өйткені біз осы мектептің бірінші түлегіміз және есімдеріміз тасқа қашалып жазылды. Сол жерде мен оқыған оқушының да есімі жазылса деймін. Әлеуметтік экономика деген ауқымды сала бар, осы бағытта Қазақстанда айтарлықтай өзгеріс болуы қосым келеді. Жалпы меніңше, жетістікке жету үшін мынадай үш сөзді айтар ем: амбиция, ашықтық және табандылық (әр жабық есікті соғып, өз мүмкіндігіңді жібермеу керек), – дейді ол.

ІТ САЛАСЫ ҚЫЗДАРҒА ҚАНДАЙ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ?



IT (ақпараттық технология) дегенді қалай түсінесің? Бұл салада бағдарламалау, дизайн, жетік маман иесі өмірін жою паралауды, жеке дамуды, қаржылық сауатын дамытуды, мансабын көтеруді үйрене бастайды. Егер белгілі бір орында жұмыс істей беруді елестете алмаса, өздігінен жаңа бастама ұсына алады, қазір сәтті дамып жатқан стартап жобаларға жақсы қолдау көрсетіледі.

Digital бағытта болашағын көретін қыздардың сағын сындыратын көптеген қағидалар бар. Міне, солардың бір шоғыры:

1. AT бағытында тек математиканы жасай оқығандар жұмыс істей алады.
2. Бұл бағытта бағдарламалаудан бөлек қыздар жобаны басқару, қосымшаны жетілту, ойын дизайнын дайындау деген маман иесі де бола алады.
3. AT-да топта қыздармен жұмыс істей

Сонымен қатар AT (ақпараттық технология) саласында маман иесі өмірін жою паралауды, жеке дамуды, қаржылық сауатын дамытуды, мансабын көтеруді үйрене бастайды. Егер белгілі бір орында жұмыс істей беруді елестете алмаса, өздігінен жаңа бастама ұсына алады, қазір сәтті дамып жатқан стартап жобаларға жақсы қолдау көрсетіледі.

Digital бағытта болашағын көретін қыздардың сағын сындыратын көптеген қағидалар бар. Міне, солардың бір шоғыры:

1. AT бағытында тек математиканы жасай оқығандар жұмыс істей алады.
2. Бұл бағытта бағдарламалаудан бөлек қыздар жобаны басқару, қосымшаны жетілту, ойын дизайнын дайындау деген маман иесі де бола алады.
3. AT-да топта қыздармен жұмыс істей



Торпақ

Аптада жоспарыңыз түгелдей орындалады. Сол себепті уақыты үнемдеген жөн. Сізді ерекше мүмкіндік күтіп тұр. Сондықтан барлық жақсылықты қуана қабылдай біліңіз.



Егіз

Уақыты құрлықке өткізе бермеңіз. Батыл әрі нақты сөйлей біліңіз, бір нәрсені ойласаңыз, міндетті түрде орындауға тырысыңыз!



Шаян

Өз күшіңізге сенсеңіз, әлі талай бәлесті бағындырасыз. Тек жоспарды бір пысықтап алыңыз. Отбасылық демалыстың сізге тигізген пайдасы зор болмақ.



Арыстан

Сізді маңызды бір кездесу күтіп тұр! Сондықтан жүрген жүрісіңізге де, киіміңізге де мән берген жөн. Қызметіңіз жоғарылап, жетістіктеріңіз жетсін. Дегенмен жақсылық жасаған адамдардың қадірін біліңіз.



Бикеш

Жақынныңызға сәзден көмек керек болады, сондықтан қасында болғаныңыз жөн. Егер бір кездесу бола қалса, ол сіздің өміріңізді өзгертіп мүмкін. Алта соңында күтпеген тосын сый болғалы тұр.



Тауазы

“Сіздің айыңыз” оңынан туып, жұлдызыңыз жарырайтын күн алыс емес. Жақынныңыз қолдау көрсетіп, өзіңізді тағы бір қырыңыздан көрсететін кез тұды. Егер сіз осы бетіңізден таймасаңыз, аз күнде биіктен көрінетінін анық.



Сарышаан

Жоспарыңыздың көп бөлігі орындалмайын деп тұр. Егер сіз тырыссаңыз керемет жұмыс тауып қалуыңыз мүмкін. Жақын жандардан да көмек сұраған жөн.



Мөрген

Махаббатта жолыңыз болады. Тек жүрегіңізді тыңдаңыз. Қаражат жағынан қиындық туындауы ықтимал. Сондықтан қаржыңызды үнемдеп жұмсаңыз. Жұлдыздар көп серуендеуге кеңес береді.



Тауешкі

“Жұмыс, мансап” деп өзіңізді ұмытпаңыз. Айналасыңдағы адамдардан қорқыпай, батылдық бола түсіңіз. Сізді ешкім де қорқытпай, үрейге алмайды. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, орындай біліңіз. Жаңыңыз қалаған нәрсені жасауға тырысыңыз.



Сұқұйғыш

Қаражат жағы қалтаңызды жұқартуы мүмкін. Қиындық туындауы ғажап емес. Жақын арада көсіп бастаған жөн. Сондай-ақ денсаулығыңызға жті көңіл бөліңіз.



Балық

Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жана көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдаңыз.



Бүгінгі таңда ең қажетті мамандықтың көшін бастап тұрған – IT саласы. ITM елдері бойынша бұл мамандықта көбіне ерлер сұранысқа ие. Алдағы соңғы уақытта қыздар қауымының да таласы бар. Көпшілік “бұл жұмыс ерлерге арналған”, “ерекше қабілетті қажет өтеді”, “технология тек ерлер үшін” деген қағидаға сенеді. Сонымен бұл пікірді сынап көрейік.

алмайтын (сөзге келе беретін) ерлер көп. Жаңысыр білмей-ақ жақсы тіл табыс-тындары бар.

3. AT университетінде оқып, қыз бала ештеңеге қол жеткізе алмайды, себебі бұл ерлердің ортасы.
4. Иә, қыздарға оңай соқпаса анық. Бірақ қыздардың позитивті ойлау қабілеті жоғары болған сайын жеңіске жақын болады.
5. Қыздардың оқу барысында қанша үлесі болғаны маңызды емес, оқу процесі асер етпейді.
6. Бұл жаңақ пікір, қолдау көрмеген қыздар өз мамандығынан бас тартпайды.

Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

АҚМЕШІТ
жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелуі алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 1239